

**Жұма-Назар Сомжүрек**

# **Парасатты ақын**



**Ұстаз-ақын Сейтен Сауытбековтың  
поэзиялық шығармаларының  
эстетикалық маңызы мен тәрбиелік  
мәні жөнінде зерттеу-зерделік**

3.3 (58013)

C 65

17/IV 628 (7)

24/VII 1935 (5)

5/IV 20 843 (9)

12/VII 21 1694 (15)

24/X 23 Сопровождение

10030

Жұма-Назар СОМЖҮРЕК

# Парасатты ақын

*Ұстаз-ақын Сейтен Сауытбековтың  
поэзиялық шығармаларының  
эстетикалық маңызы мен тәрбиелік  
мәні жөнінде зерттеу-зерделік*

Көкшетау - 2007

**ББК 83.3 (5Каз)**  
**С 65**

**С 65. Сомжүрек Ж-Н.** “Парасатты акын” – ұстаз-акын Сейтен Сауытбековтың өлең-жырларының тәрбиелік маңызы мен мәні жөнінде зерттеу-зерделік.

Жергілікті Жоғары оқу орындарында акынның поэзиялық шығармаларынан арнайы курс жүргізуге ұсынылады.

**ISBN 9965-721-70-X**

**ББК 83.3 (5 Каз)**

**С**  $\frac{4603020000}{00(06)-07}$

*53117*

## *Өмірін өлеңі ұзартқан*

Акынның екі өмірі болса, соның біріншісі өзінің өмірі де, екіншісі– өлеңінің өмірі. Фәниде акын мен өлеңі қатар өмір сүрсе, кейін акын дүниеден өткен соң, өлеңі артында қалып, оның өмірін әрі қарай жалғастырады.

“Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,  
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.  
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,  
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Бұл атакты акын Қасым Аманжоловтың әйгілі жыр шумағы. Барша акынның арман-мұратын, көкейлеріндегі ортақ ойларын қалай келістіріп, кестелеп берген десенізші. Өз жүрегіннен шыққандай қабылдайсың. Акындардың қай-қайсысы да өз өмірім қысқа болса да өлеңдерімнің өмірі ұзақ болса екен деп тілейді. Әрине, жыр жазғандардың бәрі ұлы акын емес. Ұлы, классик акындардың мерейтойлары үкімет тарапынан ұйымдастырылып, шығармалары дүркін-дүркін қайта басылып шығарылып жатады. Ал, қатардағы акындардың еңбектерінің еленуі көбіне ұрпақтарына, өзі туып-өскен елінің азаматтарына байланысты.

Осы тұрғыдан алғанда, Сейтен Сауытбеков өлеңімен, педагог ғалымдығымен ғана емес, өмірі ұрпағымен ұзартқан акын. Күйеу баласы, Көкшетау университетінің президенті Жанат Қасым, осы оқу орнының вице-президенті қызы Гүлнар әкелерінің шығармаларын көздің қарашығындай сактап, өлеңдерін де, прозалық еңбектерін де өз баспаханаларында басып шығарып, таратып,

насихаттаумен келеді. “Тағылым тегі” және басқа тәлімдік ғылыми, этнопедагогикалық еңбектері лицей оқушылары мен университет студенттері үшін тәрбиелік, танымдық оқу құралы ретінде пайдаланылуда. Әке өмірін бала ұзартуының бір жарқын көрінісі бұл.

Сейтен Сауытбеков – шығармашылығы сан қырлы талант иесі. Ол, біріншіден, ауыл мектебінде 42 жыл табан аудармай мұғалім болып, мектеп басқарған ұлағатты ұстаз; екіншіден, педагог ғалым, одан соң – айтулы ақын әрі танымал балалар жазушысы. Айтпай кетуге болмайтын тағы бір таудай еңбегі – зейнеткерлікке шыққан соң он екі жыл бойы Алматыдағы Ұлттық кітапханада ғылыми жұмыс атқарып, оның сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сарғайып жатқан 2006 кітаптың әрқайсысына жеке-жеке түсінік жазып, ғылыми жүйеге келтіріп беріп кеткен. “Сейтеннің сары кітабы” атанып кеткен 750 беттен тұратын бұл еңбектің ғылыми маңызының өлшеусіз зор екені туралы жергілікті әдебиетші Серік Сапарұлы Жетпісқалиевтың “Сейтен тағлымы” атты зерттеу еңбегінде (Көкшетау, 2003 жыл) жан-жақты баяндалған. Ол кітаптардың бірталайы араб, түрік, парсы тіліндегі шығармалар екенін ескерсек, сонша тілден тәржімелеуге тура келген.

Сейтен Лиманұлы Сауытбековтың қай еңбегі де зерттеуге тұрарлық құнды дүниелер. Солардың ішінен біз оның ақындығын, поэзиялық шығармаларын зерттеуді ұйғардық.

Адамзатқа жомарт Алла сыйлаған, жеке адамдарға дарытқан өнер түрлері сансыз көп. Олар кәсіптік және көркемөнер болып екі бөлінеді. Кәсіптік өнер түрлері санап тауысқысыз. Ал көркемөнер бесеу-ақ: поэзия-әдебиет, саз, сурет-бейнелеу, мүсін және сәулет. Осы

бесеуінің ең жоғары сатыда тұратыны – поэзия. Яғни поэзия-әдебиет – көркемөнердің ең жоғарғы тегі саналады.

“Өлең – сөздің патшасы” – деп ұлы Абай анықтап кеткен, өзге ұлылар да сондай тұжырым жасаған. Ал сол өнер - өлеңге қойылар сансыз талап бар. Өлең туралы түсінігі, білімі шамалы адамдар шумақ-шумаққа бөлініп, ұйкастары болса өлең болады дап есептейді. Шынында, өлеңге қойылар басты талап – көркемдік пен ой. Одан басқа да түйін, қисындылық, ойнақылық, шынайы сезім секілді қасиеттер және керек. Өлең жолдарынан солар табылып жатса, міне, сол акын.

С. Сауытбековтың поэзиялық шығармаларын зерделеу барысында біз оған еш жеңілдік жасамай сол талаптар тұрғысынан пайымдаулар жасадық.

# *Лирикалық өлеңдері*

## *1. Ойлы өлең ой өсіреді*

Өлеңдер негізінен лирикалық пен эпикалық шығармалар болып екі топқа жіктеледі. Лирика сөзі гректің “лира” атты саз аспабы атауынан шыққан. Қазақтардың әнді домбырамен айтатыны секілді гректер де лирамен сүйемелдеген. Келе-келе ол сөз сюжетсіз қысқа, шағын көлемді өлеңдердің анықтауына айналған. Сөйтіп, ол біздің тілімізге де сіңісіп кетті. Сөйтен Сауытбековтың лирикалық өлеңдері көп емес, тіпті аз деуге болады. Оның есесіне эпикалық поэма-дастандары баршылық. Сол себептен оның лирик ақындығынан эпик ақындығы басым дейміз.

Сөйтен өлеңдері мен поэмалары “Үлес” деген атпен 1978 жылы Алматыдағы “Жазушы” баспасынан жарық көрген. Оның алдында 1974 жылы балаларға арналған “Өс, бөбек!” жыр жинағы жарияланған. Бар өмірін педагогикаға, жас ұрпақ тәрбиесіне бағыштаған ұстаздың өлеңге бүйрегі қанша бұрып тұрса да оны алаңсыз беріліп жазуға уақыт таппағаны аңғарылады. Өлеңді ол мұғалімдік пен мектептің мың сан жұмыстарының ара-арасында қалт еткенде ғана жазған. Ақын болып өлең жазғанның жөні осы екен деп оңды-солды боратып, талғамсыз жырларды топырлатып шығыра бермеген. Поэзияға аса жауапкершілікпен қараған. Білікті ұстаз өлең жазуда да біліктілік көрсеткен. Аз жазса да жақсы жыр туғызуды мақсат еткен.

“Үлес” жыр жинағындағы беташар өлеңнің бірі – “Шындық”. Ақынның ақындығы бір шумак өлеңінен-



ақ байқалады, содан-ақ анық көрінеді деген пәтуәлі сөз бар. Аталған жырды оқып шығып, авторының өлең теориясы мен оған қойылар биік талаптарды жете білгеніне және жырының сол талаптарға сай болуын мұрат тұтқанына көзіңіз жете түседі. Айтар ойын жалаң сөздермен емес, кестелі көркем сөздермен, тың теңеулермен бейнелеп жеткізеді.

Шындық деген шынжырланбас шырмалып, Ширады ол күрестерде шыңдалып, – деген жыр жолдарына шындық туралы бар шындық сиып кеткен деуге болады және шындықтың бүкіл болмысы, жалғандықпен, әділетсіздіктермен тіресіп, күресіп келе жатқан тарихы да бейнелі сөздермен бейнеленген. Әрине, шындықтың шынжырланған кездері де болған. Дегенмен, шындықты шынжырмен ұзақ шырмай алмайсың, бір күні үзіп шығады. Акын соны айтады; шындықты күрескер ер тұлғасында суреттейді; күрестерде ширап шыңдалған қайраткер етіп сипаттайды. Осы егіз жолдағы “ш” әрпінен басталған үндес бес сөз ішкі ұйқасты күшейтіп, жырдың шырайын шығарып, көркемдігін асыра түскен.

Сөйтіп шындық-ердің көркем образын жасаған. Поэзия – бейнелі ой дегеннің бұл жарқын бір мысалы. Одан әрі акын “шындық деген су мен ауа, сәуледей”, “шындық деген қоспасыз саф алтындай” деп шындықты ең асыл, ең қымбат бағалы байлықтарға теңеп мәртебелейді. Су, ауа және сәуле – осы үшеуі бар тіршіліктің, бар табиғаттың бастауы, негізі. Бұл үшеуісіз өмір тұл. Шындықты сол үшеуіне теңей отырып, адамдар үшін шындықсыз өмір мағынасыз, мәнсіз екенін меңзейді. Өлең түйіні де салмақты:

Шындық деген – әділдіктің құралы,  
Адамзаттың аңсары да құмары.

Зауал болып зұлымдыкқа, зорлыққа,  
Жеңімпаздық салтанатын құрады!

Осы өлең – бар болғаны бес-ақ шумақ. Қып-қысқа, шап-шағын жырда ақын қаншама кесек-кесек алтындай ойларды үйіп, айтып тастаған десенізші! Бұл өлеңді оқымай тұрғанда “Әділдіктің құралы не?” деп сұрай қалса, не деп жауап берерімізді білмес едік. Ұстаз әрі ғалым ақын Сейтен бұл сұраққа “Әділдіктің құралы – шындық” деген философиялық тұжырыммен жауап берген. Шынында, әділдік үшін зұлымдықпен, зорлықпен күреске кіріскен адам қолына қандай қару-құрал ұстап шығуы керек? Шындықты ту етіп көтеріп, жалау етіп желбіретіп, қару етіп жұмсау керек деген түйін түйінделеді осынау жырдан.

Таратып айтып талдай берсек, осы “Шындық” жырының тал бойынан талай тамаша теңеу сөздер табылып, көсем де көркем ойлар туындайды. Бірінші шумақта **шындық шапақ атып тұрады** деген канатты да бейнелі ой айтылған. Оқушылар мен студенттердің “Поэзия – образды, бейнелі ой” дегенді қалай түсінуге болады?, – деген сұрақтарына ең түсінікті жауап осы – **“шындық шапақ атып тұрады”**. Шындықтан шапақ шашырап тұратыны өз алдына, осы бір төрт сөзден тұратын сөз тіркесінің өзі саналы адам санасына қаншама сәулелі ойлар түсіреді десеніңі! Көркем де бейнелі сөздермен өріліп берілген, адамға ой салатын, ой салып қана қоймай, ойдан ой қоздатып туындататын жақсы ойлы өлеңнің нағыз үлгісі осы – “Шындық”. Шапақ атып тұрған шындық туы ләйім жығылмай желбірей бергей деп тілейсің. Тілеп қана қоймай, сол шындық туы жығылмай, шапақ атып тұруы үшін өзім не істеп жүрмін, не істеуім керек деген де сан түрлі ойға

батасың. Ойлы өлеңдердің адамға ой салатын қасиеті, міне, осындай.

Ақын лирикалық өлеңдерді “мен” деп өз атынан жазады, өзінің көңіл күйін, сүйініштері мен күйініштерін, махаббатын, табиғатты, табиғат тамашаларын және басқа тақырыптарды қозғап жыр етеді. Ол өз атынан жазғанмен барша адамның ойының үстінен дөп түсіп жатады. Сол себепті өлең түсінетін адам жақсы өлеңді оқып отырып, оны өз жүрегінен шыққандай қабылдайды.

Сейтен Сауытбековтың сондай бір өлеңі – “Шәкірттерге”. Бұл өлең де ып-ықшам төрт-ак шумак. Соған карамастан әр мұғалім, әр ұстаздың көкейіндегі ойын, шәкірттеріне деген жүрегінің ыстық сезімін тап басады. Міне, ұстаз тізіліп сап түзеген оқушылар алдында тұр. Алғашқы әлде соңғы қонырау шығар. Мынау бірінші сынып бүлдіршіндерінен бастап, анау бойжетіп, бозбала боп қалған шәкірттері бәрі-бәрі көз сүйсіндіріп, көңілге қуаныш көгершінін ұялатады.

Балғындарым, балдай бақыт, гүлдерім,

Өрлейтұғын болашақта күндерің, – деп шәкірттерінің ұстаз алдынан тәлім-тәрбие білім алып, мектеп қабырғасынан қанаттанып ұшып, туған елінің бір-бір тұлға, айтулы азаматтары болып шығатынын ойлап, соны жыр жолдарына моншақтай тізеді.

Мерейлімін, күнге ұқсайды күлгенім,

Бақытымды аз деп айтар кім менің?

Әрбір жазда тайым тұлпар атанып,

Нұр құяды жүрегіме күн менің! – деп шаттық сезіміне бөленеді. Түлектері жоғары оқу орындарына түсіп, студенттер қатарына қосылып жатса, тайының тұлпар болғаны емес пе. Нағыз мұғалім, шын ұстаз мектепте бала оқытып, шәкірт тәрбиелеп жүргенін

өлшеусіз бақыт санайды. Шын солай. Әр мұғалім, әр ұстаздың сол сезімін акын былай өрнектейді:

Келеді өсіп менің сепкен гүлдерім,  
Мерейім де содан өсіп жүр менің.  
Алатаудай биік болып көрінем,  
Таусылғанша татар дәмім, күндерім.

Осы жыр жолдарының астына қай ұстаз қол қоймас екен. Акын өзін бағбанға, шәкірттерін күнде суарып, баптап өсіріп жүрген гүлдерге балайды. Шынында, балалар адамзаттың көктемi, гүлі ғой. Өлеңнің ажарын ашатын көркемдік кестелерінің бірі – метафора яғни балау десек, акын-ұстаздың оқушыларын гүлге балауы жырдың сәнін келістіріп-ақ тұр. Сонымен бірге осынау шумактан оның өз шәкірттерін зор сүйіспеншілікпен сүйетінін және ұстаздық мамандығын мақтаныш етіп, өзін Алатаудай асқақ сезініп жүретінін көресің. Әр мұғалім өз шәкірттерін осылай сүйіп, өз мамандықтарын осылай мақтан тұтып, құрметтесе ғой дейсің.

Акын келесі “Ұстаз” атты жырында ойын одан әрі тереңдетіп:

Нелер ғалым, ғұламаның бәрі де,  
Қанша самғап кеткенімен әріге,  
“Алатаудың аумағындай бағымның

Ұстаздан, – дер – ұрығы да, дәні де”, – деп қандай данышпан, қандай көсем болса да, сол данышпандық пен ғұламалықтың ұрығы мен дәнін ұстаз сепкенін, олай болса кім-кім де ұстаздарына борышты екенін әдемі жыр жолдарымен философиялық ой айта отырып келістіре түйіндейді. Сейтен Сауытбековтың өзі көзі тірісінде “Ұлы

мұғалім” атанған. Алматыдағы Қазақ ұлттық университетінің әйгілі профессоры, филология ғылымының докторы, белгілі әдебиет сыншысы Тұрсынбек Кәкішұлы да Сейтен туралы естелігін “Ұлы мұғалім” деп атап жазған екен. Ал, Сәбит Мұқанов С. Сауытбековты “шын мәніндегі халық мұғалімі, ұстаздың ұстазы” деп бағалаған.

Ол сол ұлы ұстаздығын өлең-жырларында да айқын көрсетіп отырады. С. Сауытбеков – даналық ойларға толы рубағилар да жазған ақын. Поэзиядағы рубағи жанрының атасы да, көкесі де тәжік халқының классик ақыны, атакты Омар Хаями. Одан үлгі алмаған, оған еліктемеген ақын аз. Сәбит Мұқанов “Төрттағандар” деген атаумен жазған. Ал Сейтен ақын өз рубағиларын әсерлемей, сыпайлықпен “Ой тамшылары” деп қана атапты. Олары көп емес, бірақ аз болса да көпке бергісіз. Аты қалай аталса да бір-ақ шумактан тұратын өлеңнің басты ерекшелігі – онда салмақты ой айтылады. Сол бір шумакқа кейде он шумак өлеңмен айтылатын ой сиып тұрады.

Қыран ұшты, бірақ аңға түспеді,  
Аңшы оны кіку салып күштеді.  
Жас түлектің таба алмайтын шабытын,  
Дүмше ұстаз – бейне шала құсбегі.

“Дүмше молда дін бұзар” деген мәтел бар, ал дүмше мұғалімдер, дүмше ұстаздар жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеп, дұрыс оқыта алмай зор нұқсан келтіреді. Енді басқа келген осы ойды ақын қалай шеберлікпен жеткізгеніне келелік. Қара сөзбен біз айтқандай, дүмше ұстаз білім бере алмайды, тәрбиелей де алмайды деген ойды ұйқасқа салып, жай қарапайым түрде айта салса, ол поэзия дүмше ақынның дүмше өлеңі боп шығар еді.

Акынның акындығы – ойға оралған ойды бейнелеп, көз алдына суретпен елестетіп көрсете білуінде; теңеу, балау, әсірелеу, астарлау секілді көркемдік тәсілдерді шебер пайдаланып, айта алуында. Сейтен акын жоғарыдағы ойды шала құсбегінің қыранды баптай алмай, қор еткенімен салыстыру арқылы санаға құяды. Қыран тас түлек болса, бала – жас түлек. Жас түлекті оқытып, тәрбиелеп жақсылыққа баулуды тас түлектің бабын тауып баптап, оны аңға түсіруге үйретуге ұқсастырады. Сәтті де тапқыр салыстыруға тәнті болып, өлеңнен алған әсерін арта түседі.

Рубағи – дара шумақтармен ойлы акындар не бір үлкен әлеуметтік мәселелерді қозғап, ойдан ой туғызады; санаға салмақ салып, жаңа сыр ашады.

Әкесінің жоқтығын,  
Білмей өссе жас бөбек,  
Жықпаған ардың ақ туын,  
Ананы дана деу керек!

Осы бір ғана дара шумақ өлеңнің қаншама қоғамдық жүк көтеріп тұрғанын қараңызшы! Тың ой айтылып, бұрын еш акын айтпаған сыр ашылған. Тірі жесір әйелдер мен тірі жетім балалар – қазіргі заман трагедиясы. Қаншама асыл аналар бір емес, бірнеше ұл, қызын әкесіз өсіріп, оқытып-тәрбиелеп қатарға қосып жатыр! Және акын айтқандай, ардың ақ туын жықпай, өзіне сөз келтірмей өмір кешуде. Соларды, сондай аналарды дана деп құрметтеу керек дейді акын.

Шынын айтсақ, ондай аналарды дана ғана емес, “Ер ана” деп дәріптесек артық емес. Сөйтіп акын осы жалғыз шумақ жырмен адамдарға үлкен азаматтық ой тастап отыр. Мына заманда бірнеше баланы әкесіз өсіріп, бала бақша, мектеп және жұмыс арасында

жанұшырып жүрген ананы ақынмен бірге көз алдымызға елестетейікші. Ер ана емес деп айта алармысыз, жоқ айта алмайсыз. Ондай аналардың ер ана екеніне дау жоқ, сөз жоқ. Ойлы ақынның ойлы өлеңінен туған ой осындай. Жетім ұл-қызын жеткізіп жатқан жесір аналарға осы жырды оқығаннан кейін басқаша көзқараспен қарай бастайсыз. Құрметпен, ризашылық сезіммен еске алып отырасыз.

Сейтен ақынның тамып түскен әр ой тамшысы даналық пікір, тұжырымдарға толы жыр шумақтары болып төгіліп түсіп жатады.

Мақсат – меже, темірқазық жұлдызың,  
Онсыз бұрыс, бұраланқы жол ұзын.  
Талап – тарлан талмайтұғын тұлпардай,  
Мақсатыңа тура тартқын, бұлтармай!

Осы шумақтан да негізгі ойды әсерлі жеткізудің тамаша үлгісін көресіз. Бұл дидактикалық жыр. Ақынның дидактикалық жырларды жазуы мен жазбауы жөнінде пікірталастар болған бұрын. “Ақын ділмарсып, көсемсіп ақыл айтпау керек” – деп өзеурегендер болды. Шынында, бұл дұрыс пікір емес. Онда бүкіл жырауларымыздың поэзиясын, олар туғызған тамаша жауһардай термелерді жоққа шығарғанымыз емес пе.

Мен сол жетпісінші жылдары “Қазақ әдебиеті” газетінде “Кемеңгерге де кеңес керек” атты сын мақала жариялап: “Ақынға дидактикалық жырлар жазба деп аузына какпақ қоюға болмайды, жазсын. Мәселе, қалай жазылуында. Егер ақын айтар ақылын құрғақ, жалаң сөздермен айта салмай, көркемдік кестелермен безендіріп, көркемдеп, бейнелеп жеткізсе, ондай жырлар қандай жырдан да кем соқпаса керек, жақсы

оқылып бағаланса керек” – деп пікір білдіргенмін. С. Сауытбековтың жоғарыдағы рубағиы метафора, теңеуге толы. Айтар ойын көркемдік кестелерімен көмкеріп, әсерлеп, тартымды етіп жеткізген. **Мақсатты** айсыз қараңғы түндерде жолыңнан, алған бағытыңнан тайдырмайтын темірқазық жұлдызға балайды. Ал сол жұлдыздай алға қойған мақсатына, арманына талаптанып жет деп жай айта салмайды, жаяу салпақтамай, талап-тұлпарға мініп жет дейді. **“Талап – тарлан талмайтұғын тұлпардай”** деген жыр жолындағы төрт сөздің төртеуі де “т” әрпінен басталып, ішкі ұйкастың әсерлілігін танытып тұр. Міне, мұндай дидактикалық жырлар керек болғанда қандай!

Сейтен ақынның ой тамшыларының яғни дара жыр шумақтарының ара-арасында мақал-мәтелге татырлық канатты сөздер де ұшырасады. Мысалы:

Алтында қоспа болғанмен,  
Шындықта қоспа болмайды.

Осы жолдың мақалдан несі кем, тамаша даналық пікір екенінде дау жоқ. Қоспасыз алтын болмайды, алтын қоспаны көтереді. Ал шындық қоспаны көтермейді. Егер шындыққа қоспа қосылса, ол қасиетінен айрылып, шындық болмай қалады. Шындық – қоспасыз, өзінің тап-тазалығымен, таңғы шықтай мөл-мөлдірлігімен шындық! Ақын міне соны айтады және алтынмен салыстыра отырып әдемілеп айта білген. Одан әрі сол ойын былай тереңдетеді:

Ит пенен мысық ауыз жаласпаған,  
Шындық пенен жалғандық жараспаған.

Мұнда да ой салыстыру тәсілі арқылы түйінделген. Ит пен мысық қалай ымыраласпаса, шындық та сондай жалғандықпен жұлдызы қарсы, екеуі ешуақытта бір-бірімен жараспай күресіп өтетінін білдіреді.



Біреуде сана теңіздей,  
Еліне аймен егіздей.

Сұлу сөздермен әдіптелген бұл канатты ойдың да айтары, аңғартары мол. Ақыл-санасы теңіздей болып, сол арқылы елінің егізіне айналған қос арыстар мен үш арыс, бес арыстарды елестетеді көз алдына. Елестетіп қана қоймай, соларға деген сүйіспеншілігінді арттыра түседі.

Ойлы өлеңдер осылай ой туғызады. Ой туғызып қана қоймай, ойыңды өсіреді, санаңа сұлулық сәулесін себеді, даналық дәнін егеді. Олай болса, Сейтен Сауытбеков ойлы ақын, философ ақын деп қорытынды жасауға толық негіз бар деп білеміз.

## *2. Жақсы жыр жан жадыратады*

Жан жадыратар жақсы жырға қандай өлеңдер жатады? Жақсы жырға, жалпы өлеңге қойылар ең басты қарапайым талап – ұйқасы. Бірақ ұйқасы қанша толымды, мінсіз болғанымен айтар ойы мен көркемдігі болмаса, ол өлең емес. Ал ой мен көркемдіктің қайсысы өлеңнің шырайын шығарады, қайсысы өлеңді жақсы етеді дегенге келсек, көркемдіксіз қара дүрсін сөздермен, арзан ұйқастармен айтыла салған ойдың қадірі болмайды. Демек, жақсы жыр дегеніміз – көркем де кестелі сөздермен өрілген өлең. Біз жоғарыда Сейтен Сауытбеков ақынның өлеңдеріндегі терең де мағыналы және философиялық ойларға тоқталдық. Енді ақын жырларының көркемдігіне назар аударалық.

Жақсы өлеңнің басты көрсеткіші болып табылатын көркемдік, әсіресе, табиғат лирикасына аса қажет, өйткені табиғаттың ғажайып сұлулығын, көркемдігін

көркем сөдермен ғана суреттеп жеткізу керек. Сонда ғана сұлу табиғат бейнесі көз алдымызға келіп елестейді, өзің көріп отырғандай әсер аласың. Табиғат бейнесі акынның “Көктем”, “Көкшемен қоштасу”, “Есіл жырлары”, “Дарқан дала”, “Жан неге жазды сағынды?”, “Алматы кеші” атты өлеңдерінде көрініс тапқан.

“Жан неге жазды сағынды?” атты жырында акын жаз бейнесін суреттеумен бірге жаздың бейнесін, жаздың қасиеттерін, оның жан жадыратып, адамға жалын-күш беретін, әл-қуатыңды арттыратынын, өмірдің сәнін келтіретінін мағыналы сөздермен келістіріп айтады.

Жан неге жазды сағынды?  
Жаз нұры жанға жағымды.  
Жер беті тоты түгіндей  
Жайната желек жамылды  
Жан жазды шын сағынды,  
Аңсағандай жарыңды.  
Жаз тағынып тұрғандай,  
Ақық, ләулік, лағылды.

Өлеңнен үзіп алынған осы екі үзіндінің өзінен-ақ жырдың көркемдігі көзге анық көрінеді. Және өлең сұлулығымен көз тартады. Жаз аңсаған сұлу жар бейнесінде суреттеледі. Асыл тастан мойнына алқа тағынып тұрғандай етіп кескіндейді, жер бетін **тоты түгіндей** деп әрі лайықты, әрі келісті көркем тенеу табады. “**Тоты түгіндей**” деген көркем сөз тіркесі осы өлеңнің бүкіл болмысына әр беріп, сән беріп, құлпыртып, сұлулап, ажарын асырып тұр. Сонымен бірге осы тенеу сөз жайдары да жайнаған жаздың бар бояуын, сан құбылып құлпырған келбетін көңіл экранына ап-айқын дәл түсіреді.

Сейтен акынның көңіл көзінің қыран көзіндей мейлінше қырағы екенін байқайсыз. Ол жаз бейнесін суреттеп бейнелей отырып, оның үніне де құлақ түріп, “Қайран жазым әз үнді!” деп өте әдемі эпитет-анықтама береді. Акын “әз” сөзімен жазды маңдайынан сипағандай аялайды. Әз сөзінің мағынасы кең. Бұл – сұлу сөз, сүйкімді сөз, құлаққа да жағымды мәнді сөз. Мысалы, Әз Жәнібек, Әз Тәуке, Әз аға дегендегі “әз” сөзі өзі айқындауыш болып тұрған адамдардың қандай аяулы да парасатты, мейірімді де қадірлі тұлғалар екенін танытып тұр емес пе. Жаз үнін – әз үнді деп айқындауы акынның тапқырлығы ғана десек, аздық етеді. Бұл аса сұңғыла ойдың, терең ойдың жемісі десек керек. **Тоты түгіндей** дегенде бүкіл жаз бейнесі, құлпырған даланың көрікті келбеті көз алдыға келеді.

Ал **әз үнді** дегенде жарқын жаздың бүкіл сазды әуені келеді құлаққа. Ол оркестрде қандай дауыс пен дыбыс, үндер жоқ дейсіз: сандуғаш әнші құстар – тоғай толы бұлбұлдардың сайрауы, бұта бастары толы бозторғайлардың шырылы, аккумулятты сыңқылы, қанқылдаған қаздар дауысы, тыраулаған тырналар үні, оларға қосылып ауыл маңынан боталар боздап, қой-қозы маңырап, жылқы кісінеп, бұзау-сиыр мөңіреп, жаздың әз үнін көк аспанға көтеріп өз үндерін қосады.

Өлеңнің көркемдік компонентіне кіріп, оның әсерлігін арттырып тұратын аллитерация, ассонанс, анофора атты көркемдегіш тәсілдерді де акын аталмыш жырда шеберлікпен қолданған. “Жан неге жазды сағынды?” өлеңінің алғашқы екі шумағының әр жолы “әз” әріпінен басталып, аллитерация жырға өзінше сән беріп тұр. Және бір назар аударатын жай – өлеңнің тақырыбы. “Жазды сағындым” немесе “Адам неге жазды сағынды?” деп тақырып қойса қайтеді? Акын

“адам” сөзінің орнына “жан” сөзін неге таңдады екен деген ойға қаласың.

Бұл омоним сөздің екі мағынасы бар. Біріншісі адам деген сөздің орнына жұмсалады. Ал екіншісі – адамның жаны. Енді ақын С. Сауытбеков “Жан неге жазды сағынды?” деп тақырып қойғанда қай жанды айтып отыр деген сұрақ туады. Біздіңше, екінші мағынасын алып отыр деп білеміз. Шынында, нені, кімді болсын аңсайтын, сағынатын адамның жаны. Адамды адам етіп тұрған да жан. Жаныңмен жадырайсың, қуанасың, аңсайсың, сағынасың, жаныңмен сезінесің. Демек, ақын “жан” сөзін осындай әсерлі, эмоциялық мағынада алып қолданған. Сөйтіп бұл жырдың тақырыбының өзі адамға әдеттегіден өзгеше, ерекше әсер етеді, ойға қалдырады; өз жанына үнілдіреді. Өлеңді оқып отырып, жазды аңсап сағына бастайсың, жаздың қасиетін жаңа қырынан қайта танығандай боласың.

Жырдың ұйкастары да “балталаса бұзылмайтын, көкейіңнен сызылмайтын” дейтіндей толымды, әрі көңілге қонымды. Мысалы: “сағынды, жағымды, жамылды” немесе “Әз үнді, әзілді, әжімді” деген үш буынды сөздердің ұйкастары жарасымды-ақ емес пе. Жалпы, осы өлеңді талдауды қорытындылай келгенде, “Жан неге жазды сағынды?” атты жыр ақын Сейтен Сауытбеков поэзиясының, оның ішінде лирикалық өлеңдерінің сапындағы айтар ойы жағынан да, көркемдік тұрғысынан да ең жақсы жырларының бірінен саналады.

Еркін алып өз демін,

Өндіреді оттегін.

Жапырақ жаз жомарты,

Азық берген теп-тегін, – деп басталатын “Жапырақ” атты жыры да әрі көркем суретті, әрі

айтары мол ойлы өлең. Әдетте жапырақ оттегін шығарады дейміз ғой. Ал мына жырында ақын “өндіреді” сөзін қолданып, жапырақты өнеркәсіп орнына, бейнелеп айтсақ оттегін өндіріп жатқан фабрика-заводқа айналдырып жіберген. Және адамзатты жомарттықпен оттегімен азықтандырып теп-тегін асырап отыр дегенді айтады. Алғашқы бір шумақтың өзінде қаншама ой мен сурет бар десенізші! Жапыраққа жан бітіріп, еңбеккор бейнесінде кейіптейді. Одан әрі оның күнменен шағылысып, май жаққандай жалтырап, желге еркелеп желбіреп, күнге еркелеп күлмендеп, сәуле сіміріп тұрған жайдары шағын суреттеп, көзге елестетеді. Бірақ ондай жарқын жас дәурен дәуірлеп баста тұра бермейді. Жапырақ өмірі де адам өмірі секілді. Уақыт қатал. Күз келіп жапырақтар жабырқап, қалбаң қағып ағаш, бұта бастарынан ұша бастайды. Ақын оны “Қарт адамдай қалтырап” деп адам бейнесіндегідей күйіне аяныш білдіреді. Ақыры жерге түсіп кобырап жатқанын жыр ете келіп:

Бұл да өлген адамдай,

Мекен жайы топырақ, – деп философиялық салмақты оймен түйіндейді. Оқып көріп отырғанымыздай, “Жапырақ” жырының композициялық құрылысы түйіндегі негізгі айтылар ойға қарай сатыланып құрылған. Бас-аяғы жып-жинақы алты шумақ жырға ақын жапырақтың бар өмірін суреттеп сифызған. Негізінде, лирикалық өлеңдер ұзақ болмауы керек. Айтар ойды ықшам шумақтарға сыналап кіргізіп жеткізе білу шеберлік болып саналады. Сейтен ақын лирикалық өлеңге қойылар осы талап шеңберінен шықпайды, сол талап табылдырығынан аттап кетпейді, яғни өлеңді көп созбайды.

Табиғат лирикасына арналған өлеңдерінің бірі – “Алматы кеші” бар болғаны екі-ак шумақ.

Көк жұлдызы төгіліп,  
Жерде жайрап жатқандай.

Лағыл, ақық мөлдіреп,

Астанамды жапқандай, – деп сізді кешкі Алматының көз тоймас көркіне сүйсінтеді. Кешкі, түнгі Алматының үстін самаладай жарқыратып тұрған – мың-мыңдаған электр шамдары мен прожектор-шамшырақтары. Бірақ, жырда шам деген сөз мүлдем ауызға алынбайды. Шам сөзін жұлдыз, лағыл, ақық сөздерімен алмастырып, соларға балап, қаланың көркем суретін бейнелейді.

Түнгі, кешкі Алматыға ұшақтан көз салсаңыз немесе Көктөбеге шығып қарасаңыз, шынында қала үстінде жұлдыздар шашыла төгіліп жатқандай әсер береді, сұлу көркем көріністен көз ала алмайсыз. Міне сол көркем көріністі акын үлкен шеберлікпен, эстетикалық талғаммен суреттеп бере білген. Кешкі Алматының дәл осы көрінісін бұдан да асыл, көркем сөздер тауып бейнелеу мүмкін емес десек, асыра сілтегендік, асыра әсірелегендік болмас.

Жылдың қай мезгілі де өз ерекшелігімен, адамдарға берер ризық – несібелерімен, көрсетер қызық тамашаларымен қымбат та ыстық. Бірақ солардың ішінде адамзатқа, барша тіршілік иелеріне, жан-жануарларға аса қымбаты, қызығы – көктем. Адамдарға көп қиындық келтіретін қатал қыстан кейін аңсатып жететіндіктен ғана емес, көктем әр келген сайын жаңа өмір, жаңа қуаныш, жаңа қызық әкеледі. Адам қыста бір жылға картайса, көктемде кемі жарты жылға қайта жасарады. С. Сауытбеков “Көктем” атты өлеңінде осы құбылысты келістіріп айта білген:

Көрікті айым сен келгенде,  
Мен де жайнап жасарамын.  
Толқын ойнап өр кеудемде,  
Бұлақ шулап, басады ағын.

Осы шумақта көктем келген кездегі адам көңіл-күйінің бар құбылысы, қуаныш-шаттығы, күнде өзгеріп көгеріп, көктеп гүл-гүл жайнап жатқан табиғатпен бірге қоса түлеп, жан мен тәннің жасарып қуаттануы әдемі де асқак көркем сөздермен өріліп берілген. **“Толқын ойнап өр кеудемде”** деген жалғыз жыр жолында каншама жан сезімі тұр десенізші!

Міне көптен күткен көктем көктем түсіп, бар табиғатты өзгертіп, қыр-даланы құлпыртып, күн сайын сан құбылып жайнатып, жаңғыртып жатыр. Сіз соны төбеге шығып тамашалап тұрсыз. Шаттығыңыздың шегі жоқ. Кеудеңізді қуаныш кернеп, жүрегіңіз тар кеудеңізге симай алып ұшып, ғажап сезімге бөленесіз. Шынында, кеудеңізде толқын ойнақ салады емес пе. Ол толқын – теңіз толқынынан бір де кем емес, көңіл толқыны! Адами жүрек сезім толқыны! Сол сезім толқынын акын ғана поэзия тілімен жеткізіп, көркемдеп айтып бере алады. Поэзия тілі – құс тілі, сайрауық бұлбұл тілі.

Аялайды аяулы ару –  
Рауанды таң. Нұрлы көктем.  
Саф ауанды көрем дәру  
Ләззатың жан тебіrentкен!  
Әуенінен жадырап жан,  
Желпігенде жұпар леппен.  
Сыңғыраған, сылдыраған,  
Сұлулықтың әнін шерткен.

Басқа шумақтардағы көріністерді айтпағанда, осы екі жыр шумағының өзінде көрікті көктемнің тамаша сұлу келбеті, жанға дәру саф ауасы, жұпар лебі, сазды әуені, ләззатты қасиеттері тоғысып, ару көктем, нұрлы көктемнің аяулы бейнесі әдемі суреттелген. Осы өленді қыста оқысаң да, ақынмен бірге қыр басында көктемгі көкжасыл даланы тамашалап отырғандай боласың. Поэзия күдіреті, ақын шеберлігі дегеніңіз міне осы.

Келесі мына шумақты аттап, қалай айтпай кетерсің:

Жомарт едің мұнша неткен,  
Жер жүрегін елжіреткен.  
Жерді жазға тапсырасың,  
Көйлек сыйлап сен жібектен.

Бұл жыр жолдарындағы маржан сөздер – табиғатпен жаны егіз ақынның ғана ауызынан, ыстық жүрегінен шығатын сөздер. Ақын жерді адам бейнесінде алып, оның да жүрегі өзімен бірге қоса елжіреп тұрғанын, жомарт көктемнің жерді жібек көйлекпен киіндіріп, бар сән-салтанатымен жазға тапсыратынын жыр етеді; төскейге торғын төсеп, гүл егіп, айнала жалтыратып, зер сеуіп тастағанын суреттейді.

“Кұдайды көрмейсің, бірақ Кұдайдың қолымен жасаған кереметтерін көресің” деген сөз бар. Жердің өзі мен оның табиғаты керемет! Ал көктем сол жер табиғатындағы кереметтердің кереметі! Міне, сол керемет көктемнің керемет табиғатын, жан жадыратқан әуезді әуенін, бұла бұлағы сылдырап, жасыл құрағы сыбдыраған, жүрек тебіреніп, эстетикалық ләззатқа бөлеген ғажайып сұлулығын Сейтен ақын суреттеудей-ақ суреттеген, көркем кестелі сөздермен бейнелеудей-ақ бейнелей білген.

Алла ақындарды не үшін жаратқан? Алла ақындарды өзі жасаған кереметтерді жырлау үшін жаратқан:



адамдарға сол кереметтердің кереметтігін тамашалап суреттеп, көз алдарына келтіре отырып, жаратылысты жаратқан Алланың ұлықтығы мен ұлылығын таныту үшін жаратқан! Шынында бұл – ақындар табиғатты жырлай отырып, сол табиғат пен табиғаттың кереметтерін жаратқан Алла ұлылығын қоса жырлап мақтау деген сөз.

Міне мұны ақындардың басты міндет-миссиясы дейміз. Сол міндет -миссиясын қай ақын қалай орындап жүр? Оны сыншылар мен оқырмандардың өздері ажыратып аңғарады. Ал біз ақын Сейтен Сауытбековтың сол өзі міндет-миссиясын жақсы атқарғанын алға тартып отырмыз.

Кім-кімге де туып-өскен жері, оның табиғаты: тау-тасы мен өзен-көлі ыстық та қымбат. Туған жердің қадірін одан алыс кеткенде қатты сезінесің, сағынасың, аңсайсың, барып қайтуды армандап жүресің. Жолың түсіп бара қалсаң, орман-тоғайын аралап, өзеніне шомылып, құмына аунап, бір жасап қаласың; балалық, жастық шағыңды еске аласың. Сейтен ақынның “Есіл жырлары” міне сондай туған жерге тәуеп етуден туған.

...Жан-жағым тоғай, сұлу үн,

Жанымды менің тербейді, – деп көңілі толқыған ақынның көз алдына бал дәурені елестеп, тізбектеліп өтіп жатады.

Күміс қабық, ақ балтыр,  
Ақ қайыңды көк орман.  
Саған келсем сағынып,  
Аялайды мені арман.

Бүгін жоқ менін көп құрбым,  
Есілім, кәусар – несібем.  
Тебіреніп саған мен тұрмын,  
Тербеген мені бесік ең ...

Ақын өзі туралы бірінші жақтан жазып отырғанмен, басқалардың да ойының үстінен дөп түседі дегеніңіз осы ғой. Қай-қайсымыз да туған жер, өскен елге араға жылдар салып барған кезімізде осындай күй кешетініміз анық. Өлеңнің көркемдігіне де көңіл толады. Қайынның қабығын күміске, Есілдің суын кәусар несібеге, тербеп өсірген бесікке балайды. Өзеннің арыны басылған шағын:

...Момақан ғана ізетпен Есіл ағады,

Келіндей құрмет көрсеткен қарттар тобына,  
– деп ақын жайымен баяу ағып жатқан өзен мінезін қарттарға ізет, құрмет көрсеткен инабатты келінге теңейді, соған ұксатады. Жарасымды, көңілге қонымды теңеу жүрекке жылы тиеді.

“Көкшемен қоштасу” жыры бар болғаны үш-ақ шумақ. Тақырыбына қарай ойын соған сиғызған.

Еместей сезінемін қазір кексе,

Қош енді, алтын Көкше, **ақын Көкше!**

Көркіне лайықты жыр жаза алмай,

Толқып кетіп барамын мен ерекше.

Қазақта Көкшені, оның Бурабайы мен Зерендісін, ғажайып сұлу көлдерін жырламаған ақын аз-ақ шығар. Сол өлең-жырлардың көбін оқи жүріп, “Ақын Көкше” деген эпитетті тіркес көзіме түспепті. Көп ақындардың бірі айтса, айтқан да шығар. Дегенмен, осы шумақтағы “Қош енді, алтын Көкше, ақын Көкше!” жыр жолы аса әсерлі естіледі. Расында, Көкше өңірін бір көрген адамның өзі оны дәл осы шумақтағыдай кимай-кимай аттанады.

Ойлап отырсақ, Көкшеге ең лайықты теңеу де, ең дұрыс балау да **ақын** деген айқындауыш екен. Көкшені ғажап дейік, көрікті, сұлу дейік, керемет жұмақ жер дейік, мейлі қалай деп мадақтасақ та солардың бәрі жиналып “Ақын Көкше” дегенге жетпейді. Шынында, Көкшенің өзі ақын!

Біздердің жырлап жүргеніміз акын Көкшені кайталау ғана десек керек. Осы “Көкшемен коштасу” жырында:

... Жүйткіді желді жыртып жүйрік “Волга”,

Жұтқандай сұр лентаны жылдамдатып... деген жолдар бар. “Желді жыртып” деген тың тіркеске назарыңыз ауып, көзіңіз қадалады. Шынында, тақтайдай тегіс жолда жұлдыздай ағып зуылдап, зымырап келе жатқан жүйрік машина ауаны қак айырып, желіннің өзін дал-дұлын шығарып жыртып келе жатпай ма. Акынның образбен ойлап түйсінудің тамаша мысалы бұл. Сосын жолдың өзі аса жылдамдықпен машина дөнгелектерінің астына зымырай кіріп жұтылып жатқандай болады. Осы көріністі де акын қалт жібермей тап басып, жолды сұр лентаға ұқсатып “Волгаға” жұтқызады. Көркемдік кестелерінің метонимия атты тәсілін тауып қолданған. Бұл да акынның көңіл көзінің сұнғылалығын көрсетеді.

Жігіттің сұлтаны сегіз қырлы, бір сырлы болуы керек десек, жақсы жырды да **“сегіз қырлы сері өлең”** деп мәртебелейміз. Өлеңнің сол көп қырларының бастылары: көркемдік пен ой. Кей өлеңде ой басым, кей өлеңде көркемдік басым түсіп жатады. Мысалы, табиғат лирикасында көркемдік басым болуға тиіс. Өйткені, сұлу табиғатты сұлу сөздермен, бейнелі, көркем сөздермен суреттемесе, өлеңнің әсері болмайды. Көркемдік ойға құрылған өлеңдерге де, көңіл-күйі лирикасына да, басқа тақырыптарға арналған жырларға да ауадай қажет. Бейнелеп айтқанда, көркемдік астың дәмін келтіретін тұздық, шайды тәттілендіретін кант десе болады.

Көркемдік С. Сауытбеков өлеңдерінің қай-қайсысынан да табылып жатады. Қарапайым арнау өлеңдерін де көркемдік кестелермен өрнектейді. “Қ...ға” тақырыпты өлеңі былай басталады:

Досым-ай, көмек болды мактағаның,  
Кінәдан әділдікпен ақтағаның.  
Дүниенің ен асылын сыйға тартып,  
**Ағанды алтынменен аптағаның.**

Кісі әділетсіз кінәланып, сыналып жатқанда, тура сөз айтып қорғаған адамның адамгершілік қылығы қалай асырып бағалауға да лайық. Ақын досының сол қылығын алтынмен аптағанға балайды. Үшінші шумақтағы:

...Қақ жарып қара қылды әділ шешіп,

Белдінің белдігіне сатпағаның, – деген жолдардағы “белдінің белдігі” сөз тіркесі метафораның тіпті тамаша үлгісі деуге болады. Мұндағы белдік – шалбардың не шапанның белдігі емес, лауазымды адамның беделі, билігі. Сол биліктің ығына жығылмай, жасқанбай әділ сөз айтып, азаматтық танытып қорғап қалдың деген мағынаны білдіреді. Сөйтіп, осы бір астарлы ауыспалы мағыналы сөз тіркесі қарапайым арнау жырға әр беріп, өлеңнің көркемдігін асыра түскен.

Сейтен ақынның арнау жырларының ішіндегі “Қызыма” – бар болғаны екі жарым ғана шумақ:

Қызғалдағым – қызымсың,  
Мөлдірімсің – жүзімсің.  
Таңғы шолпан – жұлдызым,  
Шамшырағым өзіңсің.  
Қырда қызыл – қырмызым,  
Раушанымсың – гүлімсің.  
Бұлбұлымсың бағымда,  
Тіршілігім, тынысым.  
Жүрегімнен ағылған,  
Шырынымсың – жырымсың.

Осы өлеңнің тұла бойында көркемдік кестелері тұнып тұр. Қыз өсіріп отырған қай адамның да жүрегіндегі сөзін шынайы сезіммен жекізген. Жырдың әр сөзі алтын десек артық емес. Алтын қызын аспандата көтеріп, мойнына мінгізіп ерекелетіп, қуанышы қойнына симай шаттанған әкенің аузынан осындай ақмаржан сөздер ақтарылмағанда қайтеді. Өленді қызыңа арнап өзің жазғандай, өз жүрегіннен шыққандай әсер алып, жанын жадырайды. **Жаксы өлең жан жадыратады** дейтініміз сондықтын. Ал жаксы өлең жоғарыдағыдай көркем кестелі һәм бейнелі сөздермен жазылады. Жаксы жыр, көркем өлендердің өмірі де ұзақ. Оның авторы да ел есінде ұзақ сақталмақ.

Біз жоғарыда ұстаз акын Сейтен Лиманұлы Сауытбековтың лирикалық өлең-жырларындағы айтылар ой мен көркемдігіне жан-жақты тоқталып сараладық. Сейтен 42 жыл мұғалім болып, мектеп басқарып, бар өмірін ұстаздық жұмысқа, жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған адам. Және сол мұғалімдік жұмысты бар жан-жүрегімен беріле істеп, бойындағы табиғи ұстаздық дарынын, акындық талантын сарка пайдаланып жұмсаған. Әрі мұғалім, әрі мектеп басқарушысының қыста да, жазда да артық уақыты аз болатыны белгілі.

Сол себепті С. Сауытбеков өленді үнемі жазбаған, таза лирикалық өлендері көп емес, тіпті аз деуге болады. Лирикалық өлең акыннан басы бүтін беріліп жазуды талап етеді. Ұстаз акында ондай мүмкіндік болмаған. Ол сонымен бірге көркем әдебиеттің өзге жанрларына да қалам тартқан. Поэмалары, балаларға арналған ертекері мен өлендері, әнгімелері өзге де зерттеу еңбектері өз алдына бір төбе.

Қай акынның болсын, поэзиясын зерделеп саралағанда, ғылыми тұрғыда зерттеп бағалаған кезде,

жетістіктерімен бірге кемшін тұстарын айта кетуге тура келеді. Біз де сол үрдісті аттап өте алмадық. Мысалы, “Дарқан дала” өлеңін алалық:

Келбетін көрген кезде **маң даламның,**  
Кеудемді шаттық кернеп **таң қаламын.**  
Тербейді жүрегімді мотор үні,  
Музасы тоғысқандай **бар ғаламның.**

Ақын өлеңді жақсы бастаған, егін орағы кезіндегі дала тынысын суреттеуді мақсат еткен. Он бір буынды осы өлең жолдарының асты сызылып көрсетілген соңғы төрт буыны толымды ұйқаспен жазылған. Өлеңге қойылар қазіргі талап бойынша, кейінгі жыр шумақтары да осындай толымды ұйқаспен жалғасуы керек, әйтпесе ырғағы бұзылады. Жырдың соңғы шумақтарында ақын төрт буынды толымды ұйқастан екі буынды толымсыз ұйқасқа көшкен:

Жатқандай жерде жылжып жұлдыз **сансыз,**  
Күндіздей түн жарығы болып **қамсыз.**  
Далада мұндай дидар болмас еді,  
Рауандап тұңғыш туған алтын **таңсыз.**

Бұл шумақта соңғы: “сансыз, қамсыз, таңсыз” деген екі буынды сөздер ғана ұйқасқан. Жалпы, екі буынды ұйқастар әлсіз ұйқасқа жатады. Жақсысы – үш және төрт буынды ұйқастар. Екіншіден, жоғарғыдағы мысалға келтірілген шумақта логикалық ой қайшылығы орын алған. Соңғы жолдағы “тұңғыш туған алтын таң” деп ақын қай таңды айтып отыр деген сұрақ туады. Егер кәдімгі тура мағынасындағы таң болса, онда ол таң тұңғыш емес, жер мен күн жаралғаннан бері атып келеді.

Негізі, ақын Қазан төңкерісі туралы, соны алтын таңға

балап айтып отыр. Бірақ олай болғанда, ақын алдыңғы шумақтардың бірінде бірер сөзбен соны аңғарта кетуі керек еді. Ондай жыр шумағы редактор тарапынан қысқартуға ұшырап кетті ме екен деген де ой келеді. Дұрысы – қолжазбамен салыстырған. Үшіншіден, таң туды емес, “таң атты, таң атып келеді” деп айтылады. Екінші жолдағы “қамсыз” сөзі де орнымен қолданылмаған.

Міне осындай ұйқастардағы жетімсіздіктер мен логикалық ой жүйесіндегі қисын кемшіліктер кей өлеңдерде кездесіп, қылаң беріп қалып отырады. Біз жоғарыда Сейтен ақынның бар саналы өмірі ұстаздық жұмысқа жұмсалғанын, поэзияға басы бүтін беріле алмағанын бекер айтқан жоқпыз. С. Сауытбеков 1931 жылы Алматыға барып ҚазПИ-дің филология факультетіне оқуға түскен, ақын, жазушы болуды арман еткен. Бірақ тағдыр мен оқиғалар тоғысы оны алғашқы арманынан айырып, физматқа қарай бұрып жіберген. Егер сол тұңғыш тандауынан таймағанда, оның ірі жазушы, үлкен ақын, Тұманбайдай атакты лирик болары сөзсіз еді деген ой түйдік. Оған жоғарыда біз талдап саралаған ойы мен көркемдігі келісті жақсы жырлары айқын дәлел.

## *Қанатты сөздері*

Бүгінде қанатты сөздердің мағынасы аса кең. Оған бұрынғы ел ауызынан жеткен мақал-мәтелдер, билердің шешендік сөздері, нақыл сөздер, дидактикалық-философиялық дара жыр шумақтары жатады. Қара сөзбен өтімді де өткір айтылған даналық ой-пікірлерге толы афоризмдер де қанатты сөздер болып есептеледі.

Мақал-мәтелдер, негізінде, өлең түрінде ұйқасқан егіз жолдан немесе төрт жолды шумақтан тұрады. Ал билердің айтқан биліктері мен шешендік сөздері көбіне ақ өлеңмен айтылған. Билердің бәрі шетінен ақын болған. Қазақтың мақал-мәтелдері – халқымыздың өлшеусіз рухани қазына байлығы. Өтебай Тұрманжанов 1980 жылы құрастырып шығарған “Қазақтың мақал-мәтелі” кітабы 350 беттік қалың том, орта есеппен онда шамасы 5500 мақал-мәтелдер жинақталған. Және шетінен алтын сөздер, асыл ойлар, ұлағатты ақыл-нақылдар.

- Халық мақалдарының бір кездері айтушы авторы болған, олар әуелі көсем ойлы бір адамның аузынан шыққан. Ал қазір ше? Мақал-мәтелдер, нақыл сөздер тудыратын халқымыз даналығынан айрылып қалған жоқ па? Бүгінгі заманда мақал-мәтел, нақыл сөздер жазып қалдырып жүрген дана қарттарымыз бар ма? Бұл сауалдарға халқымыз даналығын жоғалтқан жоқ, сұңғыла ойы сарқылмақ емес; озық ойлы, ұшқыр ақылды жекелеген зиялылар мақал-мәтел, нақыл сөздер тудыруда деп нық сеніммен жауап бере аламыз. Елге белгілі ақындардан қазір Мұзафар Әлімбаев пен Қадыр Мырзалиев жазып шығарып жүр.



Поэзиялық шығармалары біздің зерттеу нысанымыз болып отырған ақын Сейтен Сауытбеков мақал-мәтел, нақыл-ғибратты сөздерді олардан бұрынырақ туғызған.

## *1. Дидактикалық нақылдары*

Қазақта “Көп жасаған көп білмейді, көпті көрген көп біледі” деген даналық сөз бар. Сейтен Сауытбеков әрі көп жасаған, әрі көпті көрген, бар саналы ғұмырын бала оқытуға, жастар тәрбиесіне бағыштаған адам, ұлағатты ұстаз. Сонымен бірге оқығаны да, көкірегіне тоқығаны да көп; әдебиеттің сан саласына ат салысқан әдебиетші, ғылыми зерттеу еңбектері бар ғалым да. Демек оның халықтың мақал-мәтелдеріндей ақылдан туған нақылдар жазып дүниеге келтіруі табиғи заңдылық дейміз. Өзі бұл дүниелеріне “Нақыл-ақыл” деп тақырып қойыпты. Бірінші беташар етіп “сөз інжуі – нақыл, өнегелі ақыл” деген ойын алға тартқан. Нақыл сөздерді інжуге балап, өнегелі ақыл екенін көркем сөздермен, өлең ұйқасымен келістіріп айтқан. Бір оқығаннан-ақ көкейіңе қонақтай қалады.

Ақылмен айтылған, сұңғыла ойдан туындаған және көркем сөздермен кестелеп көмкерілген нақылдарда теңіздей терең мағыналар жатады. Інжу терең теңіз түбінен алынып өндірілсе, нақыл сөздер де ой теңізінен сүзіп алынады. Інжуді теңіздің терең түбінен кез-келген адам сүңгіп алып шыға алмайтыны сияқты, соған ұқсас нақылдарды да ақындық таланты бар әрі даналық дарын дарыған адамдар ғана шығарады. Ақын өлең жазып отыр, айтар ойының ең дәмдісін, салмақтысын соңғы шумаққа салып түйіндейді. Өлең сол түйініне қарай бағаланады, адамдарға ой салатын да сол өлең түйіні.

Ал накылдар бас жағындағы шумақтар алынып тасталынған өлеңнің түйіні тәрізді. Шынында да дәл солай.

Мысалы, оның мына накылын алалық:

Үйренбесең жасында,  
Не қалады басында. .

Осы түйіннің алдына бірнеше экспозициялық шумақтар жазса, 4-5 шумақ өлең болып шығар еді. Егіз жол тұтас өлеңнің мағынасын бойына сиғызып тұр емес пе. Білімді де, ғылымды да, өнерді де адам жасында оқып-тоқып үйренбесе, тәрбиені де жасында алмаса, соларды қанына сіңіrmесе, ол адамның өскенде басы бос қуыс болмақ. Накыл міне соны айтады. Жас шағынды ойын-сауық, дырду-думанмен босқа өткізбе, өкінесің, өзгелерді де өкінтерсің дейді. Осындай даналық ақыл-накылдарды жастар өнеге етсе ғой дейсің. Бірақ ақын Жұматай Жакыпбаев:

...Әнгүдік әлем алған ба,  
Ақынның тілін бір рет, – деп жазғандай,  
адамдардың данышпандық ақыл-кенестерді тындай бермейтіні өкінішті.

Ұстаз ақын Сейтеннің келесі бір накылы:

Кітаптармен сырлас болсаң,  
Ғасырлармен құрдас боларсың.

Бұл накылда ғұламалық ой-пікір жатыр. Сол ойды “сырлас, құрдас” деген әрі әдемі, әрі сұлу ұйкасты сөздермен қорғасындай құйып түсірген. Адам басына нелер жақсы ойлар кіріп, шығып жүреді. Бірақ соны мына накылдардай келістіріп айтып жеткізе алмасаң, атқан оғың далаға кеткенмен бірдей. Түсінген адам накылдың мағынасынан терең сыр ұғады, әрі ойдың әсерлі айтылғанына тәнті болады. Расында көркем шығармаларды, роман-повестерді оқып отырып, оқиғалары хикаяланған сол өткен заман-ғасырларға

сапар шегіп, ішінде жүргендей әсерленесің ғой.

С. Сауытбеков ұстаз ақын болғандықтан оның нақылдарында дидактикалық, тәрбиелік ақыл сөздер басым болуы табиғи. Мәселе сол ақылды қалай айтуда. Құрғақ, жаттанды, жалаң сөздермен айта салған ақыл-нақылдың құны болмайды, ондай ақыл қысыр кеңес, қысыр сөзге жатады; тыңдаушының құлағына кірмейді, селт еткізбейді, миына қонбайды. Ақыл көркем тілмен, кестелі сөздермен айтылса ғана әсері күшті болмақ.

Оқу, білім озаты,

Күнге қолын созады.

Осы егіз жол нақылдың айтылуы қандай әдемі, көркем болса, мағынасы да сондай кең шалқар. Көз алдына кітаптан бас алмай оқып, оқығанын көңілге тоқып, білім бұлағынан сусындап отырған, талабы таудай, арманы асқақ зерек шәкірт бейнесі келеді. Ақын оның алға қойған мұрат-мақсатын, асқақ арманын күнге балайды; сол күн-арманға қол созып ұмтылып, талпынып отыр деп бейнелейді.

Өнерге икемді болған,

Еліне сүйкімді болар.

Халық өнерлі, шебер адамдарды “он саусағынан өнер тамған” деп дәріптейді. Осындағы “тамған” сөзі өнерлі адамның өнерін әсерлеп, асқақтата әспеттеп тұр. Сөйтіп, бейнелі бір сөз ойды айдай ажарландырған. Ал Сейтен ақын “өнерге икемді, елге сүйкімді” деп ойын сәндеп жеткізген. Нәтижесінде мәнді мәтел дүниеге келген. Оны халық мақал-мәтелдерінің қатарына қосып тұрғызып қойсаң ешқайсысынан кем түспейді. Еліне сүйкімді болам десең, өнер үйрен деп насихат айтады.

Бала тілін білмеген,

Ана тілін білмейді.

Ана тілін білмеген,

Дана тілін білмейді, – деген нақылының айтары көп, ұқтырары мол, санаға салар салмағы да батпандай. “Несімен салмақты?” деген сұраққа берілер жауапты айтып тауысу қиын. Бұл бір шумак жырдан тұратын нақыл толқындай толғаныстан, ауыр ойдан туған. Бүгінгі аналар бала тілін тауып, біліктілікпен тәрбиелеп өсіріп жүрмегені белгілі. Бесік жырын айту ұмытылды, халықтың бай ауыз әдебиетіндегі бала тәрбиесіне арналған ертектер мен жұмбақтарды, жаңылтпаштар мен сан түрлі санамақтарды, өнегелік мысалдар мен такпақтарды жатқа білетін, соларды балаларының тәрбиесіне пайдаланатын, сол арқылы баласының ойын өсіретін, ана тілінің байлығын ұғындыратын аналар қазір жоқ дерлік.

Соларды қазақ тілінде ауызекі сөйлей алғандарымен, өзінің бай ана тілін біледі дей алмайтынымыз анық. Ал ана тілін өзінің бар байлық, бар бояуымен білмеген адам даналық ауылының маңынан жүре алмайды емес пе. Міне, ақылман ақынның айтпағы осы. Тереңіне бойламай бір оқи салған адамға бұл жеңіл такпақ сияқты. Ал, шынында, оның арғы жағында бүгінгі замана шындығы, мәнді мәселе жатыр.

С. Сауытбековтың ғұлама дидактик, үлкен ойшыл адам екеніне нақыл-ақылдарын оқыған сайын көзің жете түседі.

Уақыттың көбін оқуға жұмса да,

Ойдың көбін тоқуға жұмса.

Оқушылар мен шәкірттерге, студенттерге айтар ақылдың ең төресі осы дер едік. Осыған ұқсас:

Оқығаныңды айтпа,

Тоқығаныңды айт! – деген тағы бір нақылды көлденең тартқан. Бұлар жай ұстаздың емес, дана

ұстаздың ғана аузынан шығатын сөз. Бұрынғы қазақ қауымындағы бір ғажап, таң қаларлық құбылыс – мектептері жоқ, оқуы аз болса да, халықтың көкірегі ояу, көңілдері таза, тәрбиелік тәлімі жоғары болған. Қорытып тұжырымдап айтқанда, елдің оқуы аз болғанмен тоқуы көп, тәрбиелі болған. Ал қазір керісінше құбылыс орын алып отыр. Халық жаппай сауатты, мектептердегі оқу көп болғанмен жастардың тоқуы аз, тәрбиесі төмен.

Бұл бүгінгі күннің, қазіргі қоғамның проблемалық мәселесіне айналғаны ақиқат. Оның басты себебі мектептер мен жоғарылы-төменді оқу орындарында оқыту мен білім беруге баса назар аударылып, оқығанды тоқытуға, тәрбиеге жеткілікті көңіл бөлмей жүргенінде. Ұлы ұстаз Әл-Фараби: “Адамға білімнен бұрын тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзатты апатқа ұшыратады” деп өсиет қалдырған ғой. Ұстаз ақын Сейтеннің де “Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт” деген накылы Әл-Фараби өсиетімен іштей үндесіп тұр. Көп оқығаныңды көп ойланып, пайымдап көңіліңе тоқы, қанына, жан дүниеге сіңір; көңіл-санаға сіңбеген оқудың қайыры жоқ дегенді мензейді бұл накыл.

Ойлап кіріс жұмысқа,  
Ойсыз оған жұғыспа.

\* \* \*

Талпына білген теңелер,  
Бақыт құшып кенелер.

\* \* \*

Талапты бала талықпас,  
Ізденуден жалықпас.

\* \* \*

Құт қазына кияда,  
Қиялай тарт қияға.

\* \* \*

. Айрылмастай досыңа,  
Қайрылмастай сөз айтпа.

Келтірілген осынау мысалдардың әрқайсысында қаншама ұлағатты ақыл, терең мағына жатқаны айқын аңғарылады. Алғашқы нақылда әр істі ойланып істе, сонда ғана жұмыс нәтижелі болады; ойсыз, қалай болса солай атқарылған жұмыстың сапасы, берекесі болмайды деген ақыл айтылған. Талпыныс пен талаптың, ізденістің бақытқа қол жеткізетінін де толымды өлең ұйқастарымен мәтелдеген. Соңғы нақылдағы досқа байланысты айтылған ақыл – нағыз аталы сөз. “Айрылмастай досыңа қайрылмастай сөз айтпа”. Осы нақылдағы ұлағатты ұстаздың насихат-ақылы қысқа да нұсқа, тілге жеңіл, жүрекке жылы, ұйқасы мықты сөздермен келісті жеткізілген, санаңа ұялай қалады. Аталы сөздер алтындай деп, міне, осындай қанатты сөздерді айтсақ керек.

## *2. Философиялық нақылдары*

Біз Сейтен Сауытбековтың мақал-мәтелдер жанрына жататын нақыл-ақылдарын дидактикалық және философиялық деп екі топқа шартты түрде бөліп қарастырып отырмыз. Әйтпесе, қандай тақырыпқа арналып айтылғанына қарамастан мақал-мәтел, нақылдардың бәрінде дерлік ірі-ірі философиялық ойлар тұнып тұрады. Сол ойлардың құндылығы,

тартымдылығы келістіріп айтуына қарай бағаланады. Сейтен ақынды философ ақын деп айтуға толық негіз бар. Оған көптеген нақылдары дәлел бола алады.

Саптағы орының бойына қарай,  
Топтағы орының ойына қарай.

Мұндағы “топ” бірнеше адамның тобы емес – қоғамдық орта. Сол орта – адамдар қауымының арасындағы әр адамның орыны оның ой өрісінің биіктігіне, білімі мен біліктілігіне, азаматтық асыл қасиетіне байланысты; сапта бойынның ұзындық-қысқалығына қарай тұратының сияқты, қоғамдық ортада тек ақыл-ойының шамасына қарай орын аласың дегенді айтады. Және сол ойды сәтті салыстыру арқылы, “саптағы, топтағы”, “бойына, ойына” секілді тамаша жарасымды ұйқастармен әдемілеп айтып жеткізеді. Ендеше жүрген, өмір сүріп жатқан ортада сыйлы да қадірлі боламын десең, соған сәйкес ойың биік болсын дегенді аңғартады.

Сөз құдіреті деген керемет қой. Тауып айтылған бірнеше ғана сөз тіркесі кісіні таң-тамаша қалдырып жатады. С. Сауытбековтың сондай бір сөзін оқып көрелік.

**“Қарағай арасындағы қайың да түзу!”**. “Леп” белгісін мен қойып отырмын. Былай қарасаң, жай хабарлы сөйлем ғана сияқты. Ал ой жіберіп оқып көрсек, бір емес бірнеше “леп” белгісін қоюға лайық бек тамаша ой толы сөздер. Қайындар өз беттерінше бөлек өссе, Көкшетаудың биші қайындары секілді әрбірі әр жаққа қисайып, бейберекет өсіп тұра береді, Ал сымға тартқандай түп-түзу болып көкке бойлаған қарағайлар арасынан қисық қайыңды көрмейсің. Олар да қарағайлармен бой таластырып, түзу сұлу сымбат салыстырысып сыландап өседі, қисандап би билемейді.

Бірақ философ – ұстаз ақын соны ғана айтып отырма? Әрине, жоқ. Осы арқылы терең ой толғап отыр. Жақсы қоғамдық ортада, жақсы адамдар арасында жастар да тәрбиелі, өнегелі ұл-қыз болып өседі; адамның жақсы адам болып өсіп ержетуі, бойжетуі өскен ортасына, айналасын қоршаған адамдарға байланысты дейді бұл қанатты сөз. Оқыған кезде ормандағы қатарласып, жарасып тіп-тік, түп-түзу болып өсіп тұрған қарағайлар мен ақ қайыңдар сияқты адамдар да бір-бірлеріне сондай игі әсер етіп, жарасымды да ынтымақты өмір сүрсе ғой деген арманды ойға еріксіз беріліп кетесің.

Мақал-мәтел, ақыл-нақылдардың көбі егіз жолдан тұратын өлеңнің түйін кішкене бөлшегі дедік. Өлең сияқты ол да көркемдік жағынан әртүрлі деңгейде болады. Дидактикалық болсын, философиялық болсын айтылар ақылды, негізгі ойды эпитет, теңеу, метафора секілді көркемдік кестелермен өрнектеп жеткізсе, сол нақыл-ақылдың мән-маңызы да, санаға әсері де зор болмақ. Ал онша көркемдемей ойды жадағай сөздермен тура мағынасында айта салса, оның қадірі төмендейді.

Ой өрнектелмей айтылған нақылдарды жер бетімен төмендеп ұшатын торғай, бөдене, көгершіндерге тенесек, көркем сөздермен кестеленіп асқақ айтылған, астарында қабат-қабат саликалы-салмақты ой-тұжырымдар жататын, қиялыңды қозғайтын мақал-мәтел, нақылдарды заңғар көк аспанда самғап ұшатын сұңқар, қыран құстармен салыстырамыз.

Көркем кестелі сөздер, бейнелі-суретті сөздер ойға қанат бітіреді, яғни көркем сөздер – ойдың қос қанаты. **Сол себептен бейнелі сөздермен берілген, көркем сөздермен көмкерілген, суретті сөздермен өрнектелген мақалдар мен мәтелдерді, нақылдарды қанатты сөздер дейміз. Біз Сейтен**



Сауытбеков дидактик акынның сондай көркем нақылдарын сөз етіп, талдап отырмыз. Келесі бір нақылын оқып көрелік:

Жаксыға жанаса жүрсен,  
Таумен таласа жүрерсің.

Өлеңдер мен нақылдарды бағалау барысында “маңызы зор, мағынасы теңіздей терең” деп жиі айтамыз. Ал мысалға алынған жоғарыдағы нақылдардың мағынасы бұлттан да биікке асып тұр деп әсірелеп айтуға әбден лайық. Оны солай көкке көтеріп, биіктетіп тұрған “**тау**” сөзі. Сол бір сөз нақылдың абыройын аспандатып тұр.

Егер тау сөзін алып тастап: “Жаксымен жанаса жүрсен, өзің де жаксы боп жүрерсің” дей салсақ, нақылдың биіктегі басы етекке түсер еді, әсері болмас еді. “**Тау**” сөзі бір емес, екі мағына беріп тұр. Бірінші тура мағынасы “Жаксымен бірге, жаксыға жолдас боп жүрген сенің де абырой-беделің таудай жоғары болады” дегенді білдіреді. Екінші мағынасы – “Жаксы адам да тау тәрізді жоғарыда, биіктерден көрініп жүреді, оның шарапаты игі әсері жанындағы адамдарға да тиеді” дегенді аңғартады.

Қорытып айтқанда, жаксы адамның жанында жакын жолдас боп жүрген адамға шарапат-көмегі ғана тиіп қоймайды, сонымен бірге оның бойындағы асыл да жаксы қасиеттері, ізгілігі, имандылығы қоса жұғады; жаксымен жолдас бола жүріп, соған қарап бой да түзейсің, ой да түзейсің, сондықтан “адам болам десен, жаманмен емес жаксымен жұғыс” деген әрі дидактикалық, әрі философиялық ой түйінделеді.

**Ой қайнары, ой оты, ой елегі,  
Болмағандар өмірге не береді?!**

Осынау ортаға тасталған риторикалық-философиялық сұраққа кім қандай жауап берер екен деп ойлы акын ойға батып отырғандай. Мұндай сауал

көпті көрген, көп білген, ғұмыр бойы ой кешіп өткен адамның, данагөй қарияның аузынан шығады. Сұрақ белгісімен сауал тасталса, леп бегісімен жауабы беріліп тұр. Өмірде ойсыз адамдардың да көптеп жүретінін көзі көріп, олардың басына “не бітірдім, не бердім” деген сауалдар кіріп-шықпайтынына, мағынасыз-мақсатсыз тірлік етіп жатқандарына аяныш білдірген. Сонымен бірге “Алла ой бергеніңе, мағыналы өмір сүргізгеніңе шүкір, разымын” дейтіндей.

Қанатты сөздер, нақылдар үлкен ақылдан, сұңғыла ойдан, ұзақ өмір тәжірбиелерінен туады. Мысалы, **“Білімді болудан білікті болу қиын”** деген накылы өмір тәжірбиесінен туған. Жоғары білімі болса да, сол білімін жұмсай білмейтін біліксіздерді көріп айтқан. Ал кітаптан оқығаны аз болғанмен, өмірден тоқығаны көп білікті кадрлар қаншама. Оның сыры – білімді кітап береді, ал біліктілікті Алла дарытады, яғни ол адамның туа бітті табиғатында болатын таланттың бір түрі. Егер біліктілік дипломмен коса келетін болса, бұл өмір мен тұрмыс бүгінгіден басқаша бақуатта, басқаша нұрлы сипатта болар еді. Қысқасы, дипломды білімділер көп те, біліктілер аз. Нағыз жақсы өмір білімділерден, біліктілер көбейген кезде орнайды. Міне, біліп айтылған бір ауыз накыл сөзден қаншама ой өрбітілді! Қанатты накыл сөздердің мағынасы қашан да сондай кең.

Құлақшынының құндызына карама,

Көкірегінің жұлдызына кара, – деген накылға тоқталмай қалай айналып өтерсің. Мен ойдың қалай көркем, келісті айтылғанына кара дер едім. Ойды тура айта салмай, оны астарлы бейнелі сөздермен тұспалдап, арғы мағынасын ажыратап ал деп, шешуін оқырманның өзіне тастаған. Ойға қанат бітіріп, сананы салауаттандыратын міне осындай қанатты сөздер.

Бұл егіз жолдағы құндыз құлақшын байлық пен

лауазымның рөлін атқарып, соның орнына баланып тұр. Сол байлық пен шіренген лауазым иесінің көкірегі қараңғы ма, әлде жарық па? Жұлдыз – бұл жерде адамгершілік, ізгілік, ар-иман секілді асыл қасиеттердің жиынтық бейнесі. Сол асыл қасиеттер құндыз құлақшындылардың көкірегінде, бойында бар ма? Бар болса ғана оны құрметте, егер болмаса лауазымды екен деп елпілдеме. Міне, нақылдың айтары мен нағыз мағынасы. Адамға ой сала ма? Салады.

Осындай астарлап, тұспалдап, шешуін оқырманға қалдырған нақылдардан мысалдар келтірелік:

Секірген лақ тасқа секіреді,  
“Шек” демесең басқа секіреді.

\* \* \*

Құт, қазына қияда,  
Қиялай тарт қияға!

\* \* \*

Жаксы атқа бір қамшы,  
Шабан атқа мың қамшы.

\* \* \*

Жүрек жыламаса,  
Жанарда жас жоқ.

\* \* \*

Ісінде ақау болса,  
Тілің сақау болар.

\* \* \*

Жаманның озығынан,  
Жаксының тозығы артық.

\* \* \*

Шығысты шеңгелімен уыстаған,  
Шыңғыс та кірді көрге қуыстаған.

\* \* \*

Бураның ізін бота басар.

Осылардағы лақ та, ат та, бура мен бота да тура мағынасында емес, балама мағынасында қолданылып, негізгі айтар ойды тұспалдап, бейнелеп беріп тұр. **Бұл сияқты нақылдарды студенттердің ерікті шығарма жазуына тақырып етіп беріп, мағынасын ашқызса, олардың ой-өрістері өсіп, ана тілінің байлығы мен орамдылығын білдіре түсер еді.**

Біз бұған дейін ұлағатты ұстаз ақынның қанатты нақыл сөздерінің аса көркем кестелі сөздермен бейнеленіп берілгендеріне баса назар аударып, жан-жақты талдадық. Мақал-мәтелдер бәрі бірдей ондай биік деңгейден табыла бермейді. Көпшілігі бейнелі, астарлы, тұспалы сөздермен емес, тура мағынасында айтылады. Бұлар көркем нақылдан бір саты төмен тұрғанмен, мағынасы, айтар ойы аз болмайды. Тез түсініледі, мақалдап-мәтелдеп сөйлеушілердің қолдануларына қолайлы болып келеді; әрқайсысының пайдалануға жарайтын орны бар. Айталық:

Термен тапқан тиынды,  
Толсаң да жұмса тиімді.

Еңбекпен келген ақшаны байып кетсең де, орынсыз ысырап етпе дегенді айтады. Талдауды, түсіндіруді керек етпейді.

Байлық пейілді құрытар,  
Төрешіл төзімді құрытар.

\* \* \*

Қатын қайда – сөз сонда,  
Сұлу қайда – көз сонда.

\* \* \*

Саудагер деме сүлік де,  
Қалтаның жауы бүлік де.

\* \* \*

Түннің сәні – ай-жұлдыз,  
Үйдін сәні – ұл мен қыз.  
\* \* \*

Данышпан сөзі тозбайды,  
Қоғамды алға қозғайды.  
\* \* \*

Адам көңілді болса,  
Жұмысы өнімді болмақ.  
\* \* \*

Еңбекте епті болсаң,  
Тұрмыста текті боларсың.

Мысалға алынған жеті нақылдың жетеуі де айтылар ойды астарламай, тұспалдамай тура айтып тұр. Әйтсе де көркемдіктен де ада емес. Ұйкастары үйлесімді, көтеріп тұрған ой-жүктері де әжептәуір салмақты. Бірінші нақылдың алғашқы жолындағы “Байлық пейілді құрытар” дегені “Бай байыған сайын қалтырауық” деген халық мәтелімен үндеседі. Екінші жолы бюрократ-төрешілдердің адамдардың жүйкелерін жұқартып, төзімдерін тауысатын иттіктерін түйрейді.

Үшінші нақылда саудагерді сүлікке тенейді, қалтаңды қағатын жау дейді. Әдемілеп дұрыс айтқан дейміз, бір оқығаннан жатталып қалады. Түннің сәні мен үйдін сәні жөнінде де жақсы тұжырым жасалған дейміз. “Балалы үй базар” дегендей, ұл мен қыздарын ата-аналары ай-жұлдызға балап сүйеді емес пе.

Сол сияқты 5-сөзде қоғамды алға сүйрейтін қозғаушы күш – данышпандардың еңбектері екені орынды қисындалған. Ал соңғы нақылда еңбектегі ептіліктің өмірде тектілікке қол жеткізетінін, тұрмыс түзелетінін мәнді мақалға айналдырған.

Сейтен Сауытбековтың нақыл сөздері оның көп салалы шығармаларының қомақты да салмақты бір

саласы, сан қырлы талантының бір қыры. Біз тоқталып талдаған нақыл сөздері маңызы мен мәні жағынан таңдаулы халық мақал-мәтелдерінің қатарына қысылмай еркін тұра алады деп нық сеніммен айта аламыз.

Ақындар мен жазушылардың бәрі бірдей қанатты нақыл сөздер жазып шығара бермейді. Мақал-мәтелдер даналық ойдан туады. Екіншіден, “тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні” дейтіндей, көсем пікірлі әрі көркем тілмен, ақындық талант-тапқырлықпен нағыз мақалға татырлық нақыл сөз жазу оңай емес. Көзі тірі ақындардан Мұзафар Әлімбаев пен Қадыр Мырзалиев қанатты нақыл сөздер жазып жүргенін айттық. Қ. Мырзалиевтің 2001 жылы жарық көрген “Ғибратнама” кітабында екі жарым мыңнан астам нақылдары жинақталған. Бірақ солардың жартысынан көбін қанатты сөздерге жатқызу қиын.

Мысалы, оның:

“Ер әйелін асырайды,

Әйел ерін бағады”, – деген сөздері жай ғана қарапайым, екінін бірінің ауызынан шығатын сөз емес пе. Ал жалқау адам туралы:

Ет келсе – қолын созады,

Сорпа келсе – ауызын ашады, – деп жазады.

Жалқау адам да, басқа адам да етті қолымен алып жеп, сорпаны аузымен ішпегенде қайтеді. Мұндай сөздер нақылға жатпайды. Мұзафар Әлімбаевтың нақылдарында да сондай кемшіліктер, арзан сөздер көптеп кездеседі. Мұны келтіріп отырған себебіміз – С. Сауытбеков нақылдарының да бәрі бірдей емес екенін, арасында жүгі жеңіл, жадағай пікірлер қосылып кеткенін айта кету керек. Ақынның немесе жазушының шығармасына ғылыми талдау, сараптау жасап отырып бірыңғай мақтау жөн болмайды. Кейбір кемшіліктерін көрсеткеннен қадірі түсіп қалмайды. Мысалы:

Арак ішіп ауырғанша,  
Жемісті көп жеп жадыра.

Мұнда нақылға тән тапқыр ой да, өткір ой да жоқ  
екені анық көрініп тұр. Жадағай сөздермен құрғақ  
ақыл айтыла салған.

Қой қораны қымқа салма,  
Қойын симай қапы қалма.

\* \* \*

Қойды егіз еткен де  
Семіз етуші де шопан.

\* \* \*

Бұлар қой шаруашылығына байланысты жай  
пікірлер; нақылға да, жақсы ақылға да жатпайды. Міне  
мұндай мәні шамалы сөздерді акын шығырмаларының  
келесі басылымдарына кіргізбеген жөн. Бір жақсысы,  
жоғарығыдай кемістіктер онша көп емес.

Ұстаз акын, балалар жазушысы Сейтен  
Сауытбековтың артында қалған әдеби мұра  
шығармаларына аса жауапкершілікпен қарап, арнайы  
комиссия оларды ғылыми жүйеге келтіргені дұрыс  
деп білеміз.

## *Бата – тілек және арнау өлеңдері*

Қазақ халқының тек өзіне тән ұлттық ерекшелігіне жататын айтыс, күй, жыраулар термелері секілді өнер түрлері рухани байлығымыздың мөлдір бұлақ бастаулары болып табылады. Бұлар өзге елдерде жоқ дерлік. Сондай рухани қазынамыз, есте жоқ ескі замандардан бері келе жатқан көне дәстүр-өнердің бірі – Ақ бата. **Қазақтың дастарқаны батасыз жиылмайды.** Адам дүниеге келгендегі алғашқы шілдеханадан бастап, оның өмірі таусылғанға дейінгі барлық тойларда жайылатын ақ дастарқанға ақ бата беріледі, ақ тілек айтылады. Сонымен бірге кім де кім алыс қиын сапарға немесе әскерге кетіп бара жатқанда ауылдың қадірлі ақсакалынан және өзінің ата-анасының ақ батасын алып аттанатын болған. Бұл дәстүр қазір де жалғасуда.

1992 жылы “Өнер” баспасынан “Ақ бата” атты жинақ кітапшасы жарық көрді. Оған ел аузындағы баталармен бірге атақты абыздар мен шешендердің, белгілі билердің, басқа да ақындардың баталары енгізілген. Сол баталардың бәрі өлеңмен берілген. Бүгінгі белгілі ақындардан Мұзафар Әлімбаев бата-жырлар жариялап жүр. Бата-жырлар шығару оңай емес, оған да ақылгөй даналық керек; ол да өзге өлеңдер секілді ұйқасымды, қисынды, ойлы көркем болуға тиіс.

Ұстаз-ақын Сейтен Сауытбековтың артында қалған әдеби-поэзиялық мұраларының ішінде бата-тілек, арнау жырлары да бірталай. Дастарқан батасының екі түрі бар. Оның бірі – жалпылама айтылатын көпке ортақ бата. Екіншісі – той иелеріне аты аталып айтылатын арнайы бата. Сейтен ақын



жыр жинағында “Дастарқан баталары”, “Ораза айының батасы”, “Соғым батасы”, “Көші-қон батасы”, “Жас жұбайларға берілген баталар”, “Қонақасы баталары” және “Сәбилерге арналған бата” атты жалпы баталары бар. Баталарының көбі балалары мен немерелеріне, күйеу баласы мен жиендеріне арналған. Әріптестері, тәрбиешілер мен оқушы шәкірттеріне де бата берген. Ол өзінің “Кезегімен” атты өлеңінде:

Өзім міне, кемелденген атамын,  
Көп жайладым аталықтың отанын.

Өтіп жатыр кірпіктері айқасып,

Селдіреді менің дағы қатарым, – деп жыр еткендей, ұзақ жасап (1907–1997), көп жыл аталық ғұмыр кешкен. Өзі ақын, өзі ғұлама ұстаз, қадірлі қария, ұлағатты атаның ақ батасын алуға көрші-көлемдері де, ауылдастары да ұмтылғаны анық. Ақын ұзақ өмірінде сондай жүздеген бата берген болар-ау. Бірақ солардың көбі ауызша айтылған жерде қалып, қағазға түспеген. Бізге сол аз жеткен “Дастарқан баталарының” бірі:

Иә, Тәңірі – Құдірет,  
Мал-бастарын аман ет!

Басына бер бакыт,

Асына бер берекет!

Өмір-жасын ұзақ ет!

Меқынат-зақыметтен аман ет!

Дұшпанның күнін жаман ет!

Ұрпақтарын асыл ет!

Дүниедегі жақсылықты,

Дәл осы үйге нәсіп ет! – деген атаның ақ тілегімен аяқталады. Бата негізінде өлеңмен берілетін болғандықтан, өлеңге тән қасиеттер мұнда да болуы керек. Әсіресе, үйлесімді ұйқаспен жақсы ой, жақсы

тілектер айтылуы керек. Батаға байланысты қазақта мақал-мәтелдер де бар. Мысалы: “Жақсы сөз – жарым ырыс” дегенде батаны сол жақсы сөзге жатқызған. “Жаңбырменен жер көгереді, батамен ер көгереді” деген жеке мақалдың өзінен қазақтың батаға ерекше мән бергенін көреміз.

Мән беріп қана қоймаған, жастар қадірлі де дуалы ауыз ақсақал-ата, қариялардың берген баталарына сенген, батада айтқан тілектеріне сай болуға, жақсы азамат болуға тырысып ұмтылған. Осы жағынан алғанда, бата-тілектердің тәрбиелік маңызы да зор болған. Дуалы ауыз би-шешендердің, абыздардың әулиелік дарыған адамдардың берген баталары айнымай келіп отырған.

Енді жоғарыда келтірген Сейтен атаның “Дастарқан батасына” оралсақ, осы екі жарым шумақ жыр-батада адам өз өмірінде армандайтын нәрсенің бәріне қол жеткізуді Тәңірден тілек еткен. Жастарының ұзақ болуын, мал-бастарының амандығын, бақыт пен берекені, барша жақсылықты тілеген. Тіпті, ұрпақтарының да асыл адамдар болуын Алладан сұраған. Бата 7-8 аралас буынды жыр үлгісімен, толымды ұйқастармен айтылған.

Лирикалық өлеңдерде көркемдік, бейнелеу басты орында тұрады. Ал батада айтылар ой мен тілек онша тұспалданып әсерленбей, көркемдегіш сөзді көп кірістірмей тура айтылады. Екінші бір ерекшелік бата бастауында алдымен Алла, Құдай, тәңір аттары аталып, одан соң қыдыр, аруақтардан қолдау сұралады. “Жаратқан ием жар болсын” деп те басталады.

“Әуелі Құдай ондасын,

Қыдыр баба қолдасын”, – деп бастап, одан әрі өз атынан бата беріп, тілектерін айтып қол жайғызады.



Солдан оңға қарай: жазушылар Герольд Бельгер, Музафар Әлімбаев, Тұрсынбек Кәкішевтер  
Сейтен Сауытбековтың шығармашылық кешін өткізу үстінде.



С.Сауытбеков акын-жазушылар оргасында: оңнан солға қарай Кеңшілік Мырзабеков, Тұрсынхан Әбдірахманова, Фафу Қайырбеков, С.Сауытбеков, Мәриям Хакімжанова, зайыбы Зүбира және басқалар.



С.Сауытбеков жанұясы. Жоғарғы қатарда солдан оңға қарай балалары: Гүлнар, Роза, Сейіл, Гүлнұр, Шынар. Төменгі қатарда: күйеу баласы Танат, үлкен қызы Зейнет, жиені Қарлығаш, бәйбішесі Зүбира мен Сейтен ата.



Көкшетау университетінің президенті, профессор Жанат Қасым зайыбы Гүлнар Сейтенкызымен.



**Сейтеннің жиен немересі Шоқан Жанатұлы кёкусинкай каратэден 2002 жылы Жапонияда Әлем чемпионы атанды.**



**Жиен немересі Жазира Жанатқызы Қазақ лицейін өте жақсы оқып бітіріп Білім Министрі Бірғаным Әйтімованың өз қолынан Алтын белгі медалін алып тұрған кезі.**

Алдымен Алладан сұрамаса тілек қабыл болмайды. Өйткені жаратушы да, жарылқаушы да, батағойдің бата-тілегін қабыл етуші де тек Алланың өзі. Сондықтан қағидаға айналған бұл жолды бұзуга болмайды. Сейтен ата да осы бұлжымас дәстүрден бұрылмайды. Мысалы, жас жұбайларға арналған батасы дәл солай басталған:

Тәңірі жас жұбайларды,  
Шат өмірмен жарылқасын!  
Бақыттары арылмасын!  
...Босағаларың берік болсын,  
Білімге ақыл серік болсын!  
Дос-жарандар үлгі алардай,  
Тұрмыста сән көрік болсын.  
Бал тілді, нұр жүзді періштелер,  
Құтты қолдарыңа қонсын!

Қол ұстасып отау құрып, жаңа өмірдің босағасын аттаған жас жұбайларға айтқан атаның ақ бата – ақ тілегі көңілге қуаныш ұялатады емес пе. Ұзақ батадан үзіп алынған екі шумақ үзіндінің өзінде қаншама жүрек жарды тамаша тілектер тұр десеңші! Тілекке қоса **“білімге ақыл серік болсын”** деген алтыннан қымбат ақыл айтылған. **Ал жақсы ақыл – жақсы тәрбие деген сөз.** Осы ақылдың мағынасы даладай кең. Қазір жастардың білімдері баршылық. Мектеп 11 жыл оқытады, жоғары оқу орындары 3-4 жыл және жоғары білім береді. Бірақ жалаң білімнің тек өзімен ғана өмір сүре алмайсың. Білімге ақылды серік етсе ғана жас жұбайлардың өмірі бақытты болып, тұрмыстары түзеледі.

Біз жоғарыда бата-тілек тура айтылады, көркемдеу, астарлау аз болады дедік. Жас жұбайларға бата бергенде, перзент сүйіндер, нәрестелі болыңдар деген тілек тура айтылып жатады. Ал Сейтен ата – ақсақал мына батасында осы тілекті тура айтпай, көркемдеп,

“жолдарыңа бал тілді, нұр жүзді періштелер консын” деп, періштеге балап тілек тілеген. Бата да осындай көркем тілмен өрнектеліп берілсе, “нұр үстіне нұр” дегендей, әсері арта түседі. Орнымен айтылса, әсерлеу сөздер, теңеулер батаның ажарын ашып әр береді.

Сейтен атаның қонақасы баталарының бірінде:

Бір Алла панасын берсін!  
Панасын берсе, баласын берсін!  
Баласын берсе, данасын берсін!  
Оны қимаса карасын берсін!  
Тәңірі бар қылсын!  
Малсыз болсаң бай қылсын!  
Оңын – күн, солыңды ай қылсын!

Бірінші шумағында өлеңнің ішкі ұйқасы мен сыртқы ұйқасын сөзді қайталап, құбылту тәсілі арқылы аса тартымды етіп келістірген. Ал соңғы жолдағы айтылған тілекті теңдесі жоқ тілек десек керек. Оңынан күн туып, солыңнан ай туып жату – мол бақытқа батып, мұңсыз-қамсыз төрт құбылаң тең болып, бақуатты өмір сүру деген сөз. Және осы жолдағы күн, ай секілді сәулелі сөздер батаның шырайын шығарып көркемдеп ажарландырып жіберген. Сол сияқты:

“Лұқпанның жасын берсін,  
Мұхаммедтің басын берсін!” – деген де тілек сөздер бар. Жасың ұзақ әрі дана бол деген тілек екені түсінікті.

Ақын атаның сәбиге арналған батасы ой-мағынасы жағынан да, көркемдік жағынан да, жыр жолдарының төрт аяғын тең басқан толымды ұйкастары жағынан да аса тартымды, әсерлі шыққан. Қазақтың бұрынғы атакты шешен-билерінің баталарынан асып түспесе, кем соқпайды. Бата:

Көтерейік білекті,  
Нұрға бөлеп жүректі! – деген суретті,



бейнелі көркем сөздермен басталады. Қиялына бір сәт канат байласаң, көз алдына тамаша той – сәбидің мына жарық дүниеге келгендегі шілдеhana тойы елестейді: жұрт мәре-сәре, бәрінің де жарқын жүздерінен қуаныш лебі еседі, нақ төрдегі ақын атаның ауызынан ақ бата жыр жолдары ақ маржандай төгілуде.. Көтерілген білектер, жайылған алақандар... Бәрі де ақын ата айтқан бата-тілекке іштей қосылып, жүректері нұрға бөленіп сәбидің тілеуін тілеуде. Алғашқы екі жолдан-ақ осы көріністер көз алдына келеді. Бейнелі сөздердің әсері сондай.

Батаның одан арғы жыр жолдары жаныңды баурайды:

Жақсы жолды таңдасын,  
Жаман тәлім алмасын.  
Даналардын дәстүрін,  
Жаналасын, жалғасын!  
Шұғылалы шуақ күн кешсін!  
Басын сұр бұлт шалмасын!  
Қырандай биік самғасын!  
Қос топшысы талмасын!

Осы екі шумақтың алғашқысында тілек тура айтылған. Ал соңғы шумақтың төрт жолының әрқайсысы эпитет, теңеу, метафора секілді көркемдік кестелермен өрнектелген; тілек тура айтылмай, астарлы мағыналы сөздермен әсерлендіріп жеткізілген. Мысалы, басын сұр бұлт шалмасын дегені: өмірі уайым-қағысыз шұғылалы ашық күндей, жан жадыратар қуанышты, шаттыққа толы болсын деген ұғымды білдіреді. Қырандай биік самғасын! дегені – тіпті асқақ сөз, асқақ тілек. Арман-максатына қырандай қайсарлықпен, табандылықпен ұмтылып жетсін дейді. Бата соңында ұлтымыздың Абай, Шокан, Ахмет және басқа ұлы тұлғаларының аттары аталып, солардай тарихқа таңба қалдырып, ел есінде

қалатын азамат болып өссін деген тамаша тілекпен тәмамдайды. Сейтен Сауытбековтың сәбилерге арналған осы батасы әрлі-бері замандарда айтылып, берілген бата-тілектердің ең озықтарының қатарынан орын алады.

Бұл баталарды ақынның жасы алпыстан асып, аксақалдық салттарды бойға сіңіріп, ардақты ата болып жүрген жасамыс шағында жазғаны байқалады. Қай батасын кім оқыса да, авторының кемел ойлы әрі жақсы ақын екенін аңғарады. Баталарының қай-қайсысы да тың ойлар, тың ұйқас, тапқыр бейнелі сөздермен ерекшеленеді. Ел аузындағы белгілі баталарды қайталамайды, еліктемейді; тек өз жанынан шығарып, өзіндік стильмен жазады. Күйеу баласы Жанат Қасымға берілген бата:

... Қылығың болсын, карағым,  
Отаныңа жағатын!  
Ісінде болмай ағатың,  
Жайылсын жұртқа өз атың!  
... Қыздың қызығын көріңдер!  
Ұлдың ұлылығын көріңдер!

Бүгінде өз атаның ақ батасының айнымай келіп, Жанат жұлдызының жарқырай жанғанын ел-жұрт анық көріп отыр. Ол қыздарының қызығын қалай көрсе, ұлының ұлылығын да көріп, мерейі өсуде. Шоқан Кекусинкай каратэдан Әлем чемпионы. Бұл – оның өзі таңдаған жолда қайсарлықпен ұлылыққа қол жеткізгені. Шоқанның әлі бүлдіршін кезінде атасы берген батаның ішінде мынадай жолдар бар:

Жұлдызым бол құйрықты,  
Сәуле шашар әлемге!  
Тәңірі тартсын сыйыңды,  
Даңқын тарап әр елге!

Әлем чемпионы болу – құйрықты жұлдыз болып, даңқы әр елге тараудың нақ өзі емес пе. Дуалы ауыз

батагөй ата жиен немересі Шоканға ерекше сый тартуды Тәңірден сұраған. Алла оның сол сұрағанын берген. Шоканның болашағы да, алар асуының биігі де әлі алда.

Ал Жанаттың кенже қызы Жазира дүниеге келгенде (1991 жыл) берген батасынан үзінді:

... Тәңірі осы періштеме,  
Жақсылығын төгіп тұрсын!  
Қазақ халқы Жазирамды  
Хор қызындай көріп тұрсын!

Батамды Алла қабыл ет!  
Сәбиді ұлтқа тағлым ет!  
Қабыл болса тілегім  
Маған да бақыт, ғанибет!

Сол Жазира Қазақ лицейін үздік бітіріп қазір университетте оқып жүр. Атасы Алладан тілек еткендей, ол да тас жарар талабымен, талантымен ұлтымыздың үлгі етер жұлдызды қызына айналуы әбден мүмкін ғой. Міне, бұл “Жанбырмен жер көгерер, батамен ер көгерер” деген халық мақалының шындығына бір жарқын мысал. Сейтен ата рухының өз ұрпақтарын қазір де жебеп-желеп жүргені анық.

Сейтен акынның өз ұлы Сейіл мен немерелері Мерей мен Зердеге берген баталарында да қамқор әке мен мейірімді атаның ақ жүрегінен ақтарылған көңіл сүйсінер шапағатты тамаша тілектер тұнып тұр. Әсіресе, Зердеге берген батасын қайта-қайта оқи бергің келеді:

Халық Зердемді – зерделі десін,  
Жұмысына сүйсініп – ерледі десін!  
**Қияға қанат сермеді десін,**  
**Өрден өрге өрледі десін!**

Оқу құмар болғандықтан,  
Енбектеніп терледі десін.  
Жарыстарда озып шығып,  
Қолынан намыс бермеді десін!  
Бұл кызды ешкім жеңбейді десін!

Бұл батада тілектің айтылуы қызық. Тілек “сен сондай бол” деп тіке айтылмайды. Халық ертең сенін жақсы қасиеттеріңді, жеңістерің мен табыстарыңды “осылай да осылай” деп мадақтап айтып жүретін болсын дейді де, шынында солай болуға ұмтыл дегенді астарлай аңғартады. Асты сызылып, назар аударылған 3-4 жолдардағы көркем де асқақ ұғымды сөздер жыр-батаның мәртебесін жоғары көтеріп, поэзиялық шырайын шығарған.

Ақын ұлы Сейілге бір емес, бірнеше өлең арнаған. Олар “Сейілдің туған күніне”, “Ұлыма”, “Тағы да ұлыма” деп аталады. Ақ жүрек әке ұлының ұлдар жарысындағы алғашқы жеңісіне көңілі шалқып қуанады, сондай биіктерден көріне беруін тілейді.

Қай кезде де берме қолдан намысты,  
Мендік намыс енді саған ауысты.

Ұшқыр ойды жұмса асыл арманға,

Жалыныңмен жақын етіп алысты, – деп ұлының намысын жани түседі. Әке тәрбиесі, әке өнегесі деп міне осыны айтсақ керек. Өзі ұзақ өмірінде намысты қалай қолдан бермесе, ұлының да өзіндей асыл арманға жету жолында жалынды, жігерлі болуын талап етеді. Әр әке ұлдарын осылай табанды да намысты болуға тәрбиелесе ғой дейсің оқып отырып.

Қазір қазақ халқында ұлттық рух төмендеп, ұлттық намыс азайып кеткенін сөз етуде. Оның басты себебі - әкелер тәрбиесінің босаңсып кеткенінде; ұлдар үлгі алып өсер асыл әкелер азайып, ішіп жүретін, ауыздары арақтан құрғамайтын, қолдары бөтелкеден

босамайтын жігерсіз, жасық әкелер көбейгенінде Сейтен ақынның бата-тілектерін оқып отырғанда осындай-осындай сан ойға қаласың. Бір өлеңінде: “Уа, әкелер, ойлайық жастар қамын!” деп ұран тастайды.

Үлгілі ұрпақ өсірген –  
Миуалы бақта көсілген.  
Үлгісіз ұрпақ өсірген –  
Тірлікте текке есірген.

Осы аталы сөздер тәрбиешілерге де, барша ата-аналарға да арналып айтылған емес пе. Плакатқа жазып, әр үйдін төріне рамаға салып, әсемдеп іліп қойса дейсін. Ұл-қызың өнегелі, үлгілі болса, солай етіп тәрбиелеп өсірсен – ол сенің миуалы бағың, қартайғанда көсіліп жатып жемісін жейсің дейді. Ал егер керісінше болса, онда сен оңған әке, оңған ана емессің, өмірді текке есіріп, мағынасыз өткізгенсің деп өткір сын айтып, ауыр айыпты бетке басады; ұрпақ алдындағы жауапкершілікке шақырады. Әріптестеріне:

Бүгінгі бала болашақ ғасыр адамы,  
Дарынды болмақ алыптай ұлы қадамы.  
Сапалы білім сіңіру парыз біздерге,  
Қарасаң алға, осылай өмір талабы – деп тіл

катады.

Бар саналы ғұмырын жас ұрпаққа сапалы тәрбие беру ісіне арнаған ұлағатты да ғұлама ұстаз ақын мұғалімдердің де өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарауын тілек етеді. Бұл жыр-тілек өткен ХХ ғасырда жазылса, қазір міне ақын айтқан болашақ ХХІ ғасырда өмір сүріп жатқырмыз. Қара сөзбен айтқан ақыл мен үгіттен өлеңмен айтылған тәлім әлдеқайда өтімді.

Баланың көзінше,  
Айтар болсаң өтірік.  
Ол да айтар өзінше,

Қиюына келтіріп.

Үлгісіздік ісіңе

Отырарсың өкініп, – деп жазады тәрбиешілерге арналған өлеңінде. Балаларының алдында үлкендердің бәрі тәрбиешілер, демек барша адамдарға айтылған өсиеттей ақыл. Өттең сол үлкендердің қаншамасы балаға үлгі-өнеге көрсету орнына үлгісіздік көрсетеді десеңізші.

Сейтен әкенің үлкен қызы Зейнеттің 60 жылдығында берген батасы бар. Шамасы өзі сол кезде сексеннің ортасында болар. Әке қашан да әке, алпысқа келген қызына ақыл айтып, күйініп-пісініп жүруді қойып, жақсы ене болуын тілейді, кеңес береді.

Сейтен Сауытбеков ақынның бата-тілектеріне талдау жасауды оның “Ораза айтының батасынан” бір мысал келтіріп қорытындыласақ болар:

Жасай берсін халық достығы,  
Бір-біріне қаскөз болмасын.  
Егемен болған елімізде,  
Бір де бір жас көз болмасын.

Түзелсін елдің тірлігі,  
Берік болсын бірлігі.  
Күн нұрына малынсын,  
Әр шаңырақ түндігі!

Абыздар батасынан несі кем! Кем емес – тең. Батагөй ақылман ақын атаның, ғұлама ұстаздың баршамазға - әр шаңыраққа берген батасы қабыл болсын, “Аумин” дейміз. Токсан жасап, қалың елдің тілеуін тілеп өткен Сейтен ақынның рухын Алла өзінің шапағат нұрына бөлесін, жаны жаннатта болғай!

## *Балаларға базарлық өлеңдері*

Ақынның балаларға арналған өлеңдері оның “Өс, бобек!” атты жыр жинағына енген. Сейтен Сауытбеков, негізінде балалар ақыны, балалар жазушысы атанған. Алайда оның үлкендерге арналған өлеңдерінің де баршылық екенін және олардың көркемдігі жағынан да, ой тереңдігі жағынан да жақсы жырлар қатарына қосылатынын жоғарыдағы тарауларда талдап пайымдадық. Өзі бар саналы өмірін бала оқытуға, ұрпақ тәрбиесіне жұмсаған ұстаз ақынның балаларға арналған өлеңдерінің көбі жыр жинағының атында тұрғандай, бүлдіршіндерге, бастауыш сыныптар оқушыларының түсініктеріне лайықталып шығарылған. Ортаңғы және жоғары сыныптардың оқушыларына жырлары жоқ дерлік.

Оның себебі не деген сұрақ туады. Ойлап отырсақ, оның себебін бүлдіршіндерді жас шыбықпен салыстырсақ оңай табамыз. Сейтен Лимаңұлы білікті ұстаз ғана емес, бағбан да болған екен. Өзі ұзақ жылдар мұғалім болған әрі директоры болған “Балуан” мектебінің айналасын бау-баққа айналдырған. Қай ағаш, қай бұта да солқылдаған көк шыбықтан өніп, тамыр жайып, мәуелеп өседі. Егер соларды сол шыбық кезінде уақытылы суарып баптамаса, көп ұзамай өсуін тоқтатып курап қалады. Балалар да солай, көк шыбықтар тәрізді. Оларға тәрбиені көк шыбықтай бүлдіршін кездерінде бермесең, өнегенің жақсы үлгісін баланың еліктегіш, үйренгіш кезінде үйретіп көрсетпесең, кеш қаласың: кейінгі еңбек еш болады. Ұстаз ақынның тәлім-тәрбиелік өлеңдерінің балапан балаларға арнап шығарылуының сыры сонда.

Әрине, балаларға арналған өлеңдердің басты

мақсаты – балаларды тәрбиелеу, жақсылыққа баулу; әдептілік, адалдық еңбексүйгіштік және басқа асыл қасиеттерді саналарына сіңіріп үйрету. Сол тәрбие жас адам бойына екі түрлі тәсіл, екі түрлі жолмен сіңіріп беріледі. Бірі – ақыл айту арқылы, екіншісі – үлгі-өнеге көрсету арқылы жүзеге асырылады. Ұстаз ақын С. Сауытбековтың өмірі мен еңбегін, атқарған жұмыстарын зерделеп отырсақ, оның бүкіл өмірі мен қызметі - өнеге көрсетудің ерен үлгісі екен. Ақыл айтудан бұрын алдымен өзі істеп, қай жұмысты да өзі атқарып үлгі-өнеге көрсетіп отырған. Мысалы, адал бол деп ауызбен ақыл айтып отырып, өзің адал болмасаң, әдепті бол деп үйретіп, өзің соны сақтамасаң, еңбексүйгіштікті қолмен өзің істеп көрсетпесең, айтқан ақылың бала басына қонбайды, бойына дарымайды, санасына сіңбейді.

Сейтен ақын өзінің сол ұстаздық берік ұстанымын балалар тәрбиесіне арналған өлеңдерде де бұлжытпай сақтайды. Өлеңдерінде сен сондай бол деген құрғақ ақыл, жалаң дидактика атымен жоқ. Және өзі өлеңді көп созбай, қысқа да нұсқа жазатын стилінен айнымайды; қай өлеңін де сол бүлдіршін, балапан жастағылардың ұғым-түсініктеріне лайықтап жазады.

Сонымен бірге өлеңдерін бейнелі сөздермен безендіріп, айшықты сөздермен ажарлап, кестелі сөздермен көркемдеп отырады. “Салыстыршы” өлеңін оқып көрелік:

Қызым қайтты мектептен,  
Қызғалдаққа ұксаған.  
Ақ мамықтай үлпілдек,  
Шок гүлі бар ұстаған.

Бір кіршік жоқ бойында,  
Киініпті ұқыпты.



Аялдамай ойынға,  
Жетуге үйге ынтықты.

Асығады мамасын,  
Көру үшін ертерек.  
Інісі алып мазасын  
Жатыр ма деп еркелеп.

Таудай биік талабы,  
Өзі зерек сезімді.  
Осы қызбен, қарағым,  
Салыстыршы өзінді.

Осы өленді тұтастай оқып шыққанда, бүлдіршіндей қыздың тәрбиелі де өнегелі кескін-келбеті, мамасына деген қамқор сезімі, ұқыптылығы, зеректігі бәрі-бәрі көз алдына келеді. Мектептен келе жатып, ерке інісінің мамасының мазасын алып, ісін істетпей жатқанын ойлайды, оған көмектескенше асығады. Сөйтіп, тәрбиелі баланың бейнесін суреттеп, өнеге етіп ұсынады; өзінді осы қызбен салыстырып көрші, сонда өзінің қандай екенінді ұғасың; ондай болмасаң, болуға талпын, содан үлгі ал дегенді аңғартады. Сондай бол деген ақылды туралап айтпайды, тек өнеге етеді. Бұдан жай ақылдан өнегенің бала тәрбиесінде артық екенін үлкендер де ұғына түседі.

“Дәптер тілегі” деген келесі өленінде де дәптерінді бүлдірме деген ақылды өз атынан айтпай, дәптер атынан тілек түрінде жеткізеді:

Бұрышымды жымқырмай,  
Мұқабамды сындырмай,  
Қолды салып қолқадан,

Жұлмаса екен ортадан, – деп дәптерге тіл бітіреді. Оқып отырып еріксіз жымып, оқушы күндерің еске түседі..

Балалар арасында шынайы достық болуын, бір-біріне қамқор болып, көмектесіп жүрулері керек екенін тырнақша ішіндегі “Достық” атты жырында оқиға арқылы аңғартады. Айгүл есімді ақкөңіл қыз Шырын атты құрбысын жанындай жақсы көріп, бірге ойнап, бірге сабаққа дайындалып, қиын есептерді шығарысып қалтқысыз көмектеседі. Ал Шырын болса, Айгүлдің сол шынайы достығын бағаламайды, рақмет айтуды білмейді. Бірде екеуі жауын астында қалады. Айгүл көйлекшең тоңып тұрады, ал Шырын оны ойламайды. Өлең:

Көзін салып Айгүлге,

Еш қандай қам жемеді.

“Жамылайық, кел бірге

Плащымды”, - демеді, – деген жолдармен

аяқталады.

Осыдан қорытынды шығаруды ұстаз ақын балалардың өзіне қалдырады. Осы өлеңді балаларға шығарма жазуға берсе, немесе талдауға салса, олар Шырынның достыққа жатпайтын қылығын, сөз жоқ, сынға алған болар еді. Демек бұл да өнеге берерлік өлең, тәрбиелік жүк көтеріп тұр. Мұндағы өнеге – Айгүлдің достыққа қалтықсыз адалдығы. “Ем” атты өлеңі адал достықты әспеттейді.

“Үлгілі Гүлсім” атты өлеңде Гүлсімнің жас та болса ақылды бауырмалдығын, туыстарына сыйластығын, інісі мен сіңілісіне мейірімділікпен қамқорлық жасайтынын үлгі-өнеге етіп жыр еткен. Сонымен бірге “Шалдуар”, “Ерсі”, “Бөспе”, “Мен және ол”, “Өкінем” атты өлеңдерінде кейбір балалардың жағымсыз, ұнамсыз мінездерін көрсете сынап сықактайды; сондай жаман қылықтардан аулақ болуды меңзейді. “Жирен жаман әдеттен” дегендей, өзге балаларды олардай емес, әдепті де тәрбиелі болуға үндейді.

“Сандар мен сырласу” атты өленде сандар сырын әлі біле қоймаған бала:

...Таныстыршы өзінді,  
Тыңдайық біз сөзінді, – деп бес санның  
әрқайсысына сұрақ береді. Әр сан өзі туралы балаға  
сыр ашады. Мысалы төрт:

Достар мені төрт дейді.  
Беске бірім жетпейді.  
Бірақ үшке ағамын,  
Жақсысымын бағаның, – деп жауап береді;  
төрт алған балалардың өздері де, үйдегі мамалары да  
қуанатынын айтады. Ал бес:

Гүлде бес күлте жапырақ,  
Өседі-ау, шіркін, жарқырап.  
Бес бұрыш алтын жұлдыздар...  
Тағады батыр ұл-қыздар, – деп өзінің ең  
жақсы баға екенін сыр етіп айтып, оқығанда бестік  
бағаға оқу керек екенін аңғартады. Беске оқындар деп  
жалаң үгіт айтпайды, соған қызықтырады. Бес  
санының басқа да қасиеттерін ашады. Бір қолда бес  
саусак болуы, гүлде бес күлте жапырақ шығуы,  
батырлардың омырауында жарқырап тұратын  
ордендердің бес бұрышты екені тегін еместігін жыр  
ете келіп:

Кілең төртгі алғандар,  
“Бесті” ғана армандар, – деп жақсы оқып,  
бестік бағаға үлгеру әрі мақсат, әрі арман екенін айтып  
“бесті” мәртебелейді.

Бөбектердің тілі шыққаннан кейін жаттап алып,  
тақпақ етіп айтуына лайықталған. “Мысық”, “Қара  
лак”, “Құлыншак”, “Ақылды Ақтөс”, “Бөпем”,

“Жаннаның жыры” тақырыпты жырлары да балалардың оқуына да жеңіл, тындауға да тартымды. Қай-қайсысы да тәрбиелік міндетті атқарып тұрғанын көресің. Сонымен бірге акын балаларға арналған өлеңдерінің ойлы да көркем, ұйқастарының жаттап алуға оңай болуын естен шығармайды. “Қыс” атты жырын мысалға келтірейік:

Жұмып жасыл жанарын,  
Жер ақ желек жамылды.  
Бұталары қаланың,  
Ақ үкілер тағынды.

...Бірақ дала ақ түтек,  
Дүлей боран борайды.  
Сумандаған суық леп,  
Бар дененді орайды.

...Бір жақсысы балалар,  
Аққаланы қалайды,  
Үйім-үйім күртiк қар,  
Сырғанаққа жарайды.

Үзіп-үзіп алынған осы үзінді шумақтардан ақ желек жамылған жер мен ақ үкілер тағынған ағаш бұталарын, дүлей бораны мен сумандаған суық желі денені қарыған қыс келбетін көресің. “Жұмып жасыл жанарын” деп акын жасыл жапырақты жаздың қар астында қалғанын астарлап айтады. Қыс қанша боран боратып, аяз суық соқтырса да, балалар аққала соғып, сырғанақ теуіп қыс қызығын қызықтайтынын жырға қосқан.

“Қоян мен арыстан” - өлеңмен жазылған ертегі. Ата мен әжелердің ертегі айт деген немерелеріне оқып беруіне лайық тамаша жыр, әрі бүлдіршіндердің ұғымына сай, түсінулеріне оңай. Қара күшіне сенген

анқау арыстанның қу қоянның алдағанына алданып, құдыққа қарғып кетіп суға батқанын, сөйтіп қоянның ажалдан аман құтылғанын жеңіл жыр жолдарымен, майталман жорға ұйкастармен, тартымды көркем тілмен баян етеді.

Жоғарыда ұстаз акынның қанатты сөздері – ақыл-нақылдарын жеке талдап қарастырған едік. “Өс, бөбек!” жинағына да балаларға арналған біраз нақыл сөздерді енгізген.

Әдепті бала әдетті,

Тентек бала әлекті – деген егіз жолды нақылда әдепті баланың жақсы салт-әдеттерді сақтап жүретінін, ал тентек баланың әлек салып, жұрттың берекесін келтіретінін айтады.

Тоғышар бос жүруге ынтығады,

Болар бала еңбекке ұмтылады.

\* \* \*

Нашар оқып, оқуға түсе алмаған, –  
Қанатсыз құс сияқты ұша алмаған.

\* \* \*

Келтірілген мысалдардың алғашқысында ой қарапайым ғана айтылған. Ал соңғысында ой бейнеленіп берілген. Оқуы нашар, тоқуы аз болғандықтан жоғары оқу орындарына түсе алмай қалған талапкерді қанатсыз құсқа балайды. Қанатсыз құс заңғар көкке самғап ұша алмайды, сол сияқты оқуға түсе алмаған бала да асқақ арманына жете алмайды. Сондықтан мектепте жақсы оқу керек деген тұжырым жасалынған; айтылар негізгі ой көркем тілмен әсерлі жеткізілген.

“Емтиханда еңжардың есі кетер”, – деген жалғыз жол қанатты сөзде қаншама өмір шындығы жатыр

десеңіші. Крыловтың әйгілі “Шегіртке мен құмырска” мысалында:

Ала жаздай ән салып,

Өлеңнен қолым тиді ме? – деп шегіртке айтатындай, жыл бойы сабақты дұрыс оқымай, жалқаулық танытқан оқушының сынақ алу кезінде түк білмей есі шығып отыратынын, сондықтан сол емтиханды ертерек ойлап, күнібұрын дайындалу керек екенін түспалдайды.

“Ұғымсыздық – ұшқалақтықтың қырсығы”, – нақыл сөзінің мағынасы терең. Оқушы бала ұғымсыздық танытса, ол ұшқалақтықтың салдарынан, яғни соның қырсығынан болады деп түйіндейді. Ұшқалақ оқушы сол ұшқалақтығынан сабақты зейін қойып тыңдамайды, сабаққа бар зейінін салмайды; сол себептен ұғымсыздыққа ұшырайды. Демек ұғымсыз болмайын десең, ұшқалақ, сабырсыз болма деген ақыл-кеңес көлденендейді.

Міне сондай-сондай ақын атаның қанатты сөз, ақыл-нақылдары қашан да маңызы мен мәнін жоймайтын, тәлім-тәрбиелік және әдеби дүниелер екені анық.

“Өс, бөбек!” жыр жинағындағы балалар үшін ең қызық тарау – “Жұмбақтар”. Өлеңмен жұмбақ жазып шығару кез-келген балалар ақынының, тіпті қай ақынның да қолынан келе бермейтін қиын шаруа. Жұмбақ-өлең жазуға ақындыққа қоса аса тапқырлық, көңіл көзінің көрегендігі, ой сұнғылалығы керек. Оларға қоса “ерінбеген етікші” дегендей ерінбейтін, жалықпайтын табандылық, ізденгіштік керек. Демек сол қасиеттердің бәрі ұстаз ақынның бойында қатарынан болған ғой.

Ақынның өзге лирикалық өлеңдеріндей жұмбақтары көп емес, отызға жуық қана. Алайда, бір шумак жұмбақ өлең тауып жазу он шумак жай өлең жазғанға тең деуге болады.

Қыс қамауда, бір қадам бастырмайды,  
Жазға қарай күтімсіз лас тұрмайды.  
Күз айында тонналап жем жесе де,  
Ішінде оның бір түйір ас тұрмайды.

Қыста қаңтарылып тұрып, күзде тонналап жем жең  
жалмауыз, айдаһарға айналатын, бірақ сонда да  
асказанында бір түйір ас қалмайтын не пәле болды  
екен деп, жатып кеп ойланбайсың ба? Сөйтсек, шешуі  
комбайн екен. Қалай тапқырлықпен киыннан  
киыстырып шығарған дейсің. Жұмбақ жыр  
шумағының ұйқастары тастай толымды және  
ойнақылық бар. “Ішінде ас тұрмайды” – сондай  
ойнақы сөз тіркесіне саналады. Есекті жұмбақ еткені  
де қызық:

Бір мақұлық жұмыста сорлайды,  
Мисыз деп оны жұрт ойлайды.  
Саумайды, соғымға соймайды,  
Бірақ та мінуін коймайды.

Оқып шығып еріксіз жимиып езу тартасыз. Шешуі  
оңай болғанмен, әдемілеп, келістіріп шығарғанына  
сүйсінесің. Ақын шешуінде қос мағына бар жұмбақ  
та шығарыпты:

Ол тұрмыстың, құрылыстың құралы,  
Орақпенен одақ болып тұрады.  
Бас әріпсіз – командирдың бұйрығы,  
Шабуылдың құдіретті ұраны.

Шешуі – балға, ал оның бас әрпін алып тастаса **Алға!**  
деген ұран шығады. Ал кітапты жұмбақ еткені, тіпті  
қызық деуге болады:

Бірінші әріп көзде бар, мұрында жоқ,  
Екінші әріп тісте бар, бұрымда жоқ.  
Үшінші әріп бетте бар, білекте жоқ,  
Төртінші әріп құлақта бар, жүректе жоқ.  
“П” әріпі – бесінші, ақырғысы,

Жұмбақ шешкен баланың ақылдысы.

Өлеңмен жұмбақ жыр жазу керемет тапқырлықты керек ететінін, киыннан қиыстыратын шеберлік керек екенін осы жұмбақтан-ақ көруге болады. Бір жарым шумақтап құрылған жұмбақ өлең егіз ұйқаспен жазылған. Сол ұйқастарының келістілігі де оның шырайын шығарып тұр емес пе.

Бір малға екі бала мінгеседі,  
Айлап жырлап түспестен күн кешеді  
(түйенің екі өркеші)

\* \* \*

Егіз қайың – бой-бастары тең өскен,  
Іске дайын, бұтақтары бес-бестен.  
(қол)

\* \* \*

Жерге бойлап кететін сары қазық,  
Тіл үйірер тәп-тәтті адамға азық.  
(сәбіз)

\* \* \*

Мұздай мөлдір жұмыртқа,  
Жарық берер ымыртта.  
(электр шамы)

Егіз жыр жолдарымен өрілген жоғарыдағы жұмбақтардағы жұмбақ етілетін нәрсеге баланатын, ұқсастырылып салыстырлатын заттар қалай тапқырлықпен дәл табылған деп риза боласың. Екі өркеш алыстан қарағанда, шынында, мінгесіп келе жатқан екі бала сияқты болып көрінеді ғой. Сәбізді сары қазыққа салыстыруы, электр шамын мөлдір жұмыртқаға балауы бек тамаша.

Сөйтіп ұстаз ақын Сейтен Сауытбеков жұмбақ өлеңдер жазуда да шеберлік танытқан, кемел ақыл иесі екенін көрсеткен.



## *Поэмалары*

Акын Сейтен Сауытбековтың поэмаларын оқып отырып, оның эпик акын екенін аңғарасыз. Өйткені оның лирикалық өлеңдерінен поэмаларындағы жыр жолдары әлдеқайда көп. “Ана тағдыры”, “Айша”, “Балуан”, “Достық жыры” “Қашқындар” атты бес поэмасында 3160 өлең жолы бар. Ал лирикалық өлеңдеріндегі жыр жолдары одан бес есе аз деуге болады.

Акындық – адам табиғатына Алла дарытқан туа біткен қасиет. Бірақ ұстазсыз, ізденіссіз акын болмайды. Әр акын өзінен бұрынғы және тұстас, замандас ақындардың өлең-жырларын оқи жүріп, солардың бірін өзіне ұстаз тұтады, соған еліктеп, үлгі алады. Сейтен Сауытбеков поэмалар жазуда дауылпаз акын Иса Байзақовтан үлгі алып, ұстаз тұтқан. Иса Сейтеннен сегіз жас қана үлкен. Оның ақындығы, әсіресе поэма-дастандар жазудағы шеберлігі мен стилі көп ақындарға үлгі- мектеп болған. Иса Байзақовтың сол мектебінен Сейтен акын да сабақ алған. Оны екі акынның поэмаларын салыстырғанда, сыртқы құрылыстарынан-ақ айқын байқауға болады.

Исаның атакты “Құралай сұлу”, “Алтай аясында”, “Ақбөпе” поэмаларында басында пролог, соңында эпилог беріліп, төрт-бес шумақ өлеңмен оқиғаның не туралы, қай жерде болатыны жайлы аңғартылады, ал соңы қорытынды ойтолғаумен аяқталып отырады. Ал Сейтен акын поэмалар басындағы прологты “кілт” деп атайды.

Мысалы, Иса Байзақовтың “Ақбөпе” поэмасы былай басталады:

Кім көрді көктің жерге құлағанын,  
Кім көрді күннің жарық сұрағанын.  
Кім көрді Акбөпедей қыршын жастың,  
Шомылып қанды азапта жылағанын.

Кім ұқты махаббатты Акбөпедей,  
Жүрегі жанулы тұр әлі сөнбей.  
Аспанда ай, жұлдыз шашу шашар еді,  
Егерде тірі жүрсе арманда өлмей.

Аруды Акбөпедей ел жырлайды.  
Бес копа, бес арналы көл жырлайды.  
Ертек қып, тауда қыран, түзде тоты,  
Ғашықтың өмірінен сыр жырлайды.

Халықтың қасиетін жанмен ұққан,  
Бұл жырды мен жырламай кім жырлайды.  
Мезгілсіз, мерекесіз өткендердің  
Жандары бізді де айт деп сыбырлайды.

Соңғы шумакта ақынның міндеті мен борышын қалай тамаша айтқан дейсің. Ақын жаны қашан да сергек, ақын құлағы қашан да түрік. Оған халық пен адамдар тарихындағы айтулы оқиғалар, тақырыптар мені айт, мені жаз деп сыбырлап тұрады. Иса ақын сияқты Сейтен ақынның да құлағына өз поэмаларының кейіпкерлері “мені жаз, мені айт” деп сыбырлап маза бермегені анық. “Айша” поэмасының “Кілт” бастауында былайша толғайды:

Сыры көп туған жердің тұнып тұрған,  
Күн-ару карайды алыс күліп қырдан.  
Өршіген әр өмірдің куәгері,  
Шежіре хикаядан сыр ұқтырған.  
Куәгер көл сөйлейді көпті көрген,

Зар мен зіл керзаманды кекті көрген.  
Лайлайды кімдер келіп ел тұнығын,  
Қаншама құба шаңды өтті керуен.

Өмірдің канды көбік өткелдері,  
Кезінде ел не зауал өткермеді.  
Жаншылып көктемінде жауқазындар,  
Өкініш шешек атпай өткендері.

Адамға аттас болып алған есім,  
Әлсіздің аян етіп шермендесін,  
Ескерткіш есебінде жасап жатқан,  
Бір көлдің баяндайын шежіресін.

Міне осы салыстырудан-ақ Сейтен ақынның Иса Байзақовты ұстаз тұтып қана қоймай, оның шығармашылығынан үйренгені айқын көрінеді. Екі ақынның поэмаларындағы жырлаған оқиғалары мен алған тақырыптарында да ұқсастықтар бар. Иса өзі жазғандай “мезгілсіз, мерекесіз өткендердің” шерлі шежірелерін шертеді, трагедиялы тағдырларды толғайды. Сейтен ақынның да бес поэмасының бесеуінде де бас кейіпкерлер жауыздықтан, бай мен бектердің зұлымдықтарынан және айқаста мерт болып қаза табады.

Исаға еліктеп солай еткен деуге болмас. Өмірде болған адамдардың трагедиялы тағдырларын жыр еткені, сыр еткені күмәнсіз. Олай тұжырым жасауымыздың себебі, Сейтен ақын әйтеуір поэма жазу үшін жазбаған, оған ақынның уақыты да болмаған. Шерлі өмір шеккендердің жандары сыбырлап, маза бермегендіктен, солардың тағдырын, өз бақыттары, ел намысы, ер намысы үшін күрескен ерліктерін жыр етіп қалдыру үшін жазған; кейінгі ұрпақ адам құқықтары қорғалатын теңдік заманына жеткенге

дейін ата-бабалары қандай өмір кешкендерін біле жүрулері үшін жазған.

“Айша” поэмасы “Тақыр коян” және “Тұзак” атты екі тараудан тұрады. Қазак тарихында талай-талай жұт жылдары болған. Олар жұртты жұтатуына карай арнайы аттармен аталған. Мысалы, “ғас мешін” атаулы жұт жылы ел есінде сақталып қалған. Аты айтып тұрғандай, қыс тастай қатты болып, тігерге тұяқ қалдырмаған ғой. Сол сияқты “Тақыр коян” жұт жылы елді малдан айырып тақырлап кеткен. Қысы қатты болып қана қоймай, көктем мен жаз жауынсыз болып, шөптер күйіп, өзен мен көлдер суалып, мал қырылып, ел су көздерін іздеп, босып нәубетке ұшыраған.

“Айша” поэмасында Кемел бай жаз жайлап, жеті мың жылқысын бағып, суарып отырған Айша көлі суалып, малы қырыла бастайды. Содан Атбасар өңірінде мол сулы Есіл өзенінің сала-салаларын қыс қыстап, жаз жайлап отырған төс қағысып дос болған Қарабек байдан жер сұрап алып сонда көшеді. Кемел байдың Айша есімді әрі сұлу, әрі акын кызы бас жылқышы, көрікті де келбетті Араймен көңіл қосып, қосылудың амалын іздейді. Бай кызын неше жерден жігіт сұлтаны болса да жылқышыға беруші ме еді, жер беріп өзін паналатқаны үшін Айшаны Қарабектің есер де ұрдажық ұлы Белгібайға беруге баталасады. Айша әкесіне:

Қыздың жоқ мал-мүліктен айырмасы,  
Бакалшы бұйымындай ғазиз басы.  
Еш елде мұндай сұмдық болған емес,  
Бұл бәле – жер мен адам айырбасы.

Әкелік ділің бір сәт бұрылмайды,  
Дейсін бе мұнмен Айша құрымайды.

Құрбаны еткеніңше жер түгінін,

Бар жылқың неге түгел қырылмайды, – деп, батыл қарсы шығып, есерсоқ дүлей Белгібайға жар болып тимейтінін, одан өлім артық екенін мәлім етеді. Қызының өз еркімен бармасына көзі жеткен Кемел бай құрдасы Қарабекке Айшаны алып қашып кетуді ұсынады. Мұндай әрекетті сезіп қалған қос ғашық Айша мен Арай жүйрік аттарды дайындап, қашып кетпекке бел байлайды, бірақ үлгере алмайды. Белгібай он жігітпен келіп, Айшаны күшпен тартып әкетіп бара жатады. Арай ғашық жарын құтқарып қалмақ болып, он жігітпен жалғыз айкасады. Үшеуін ұрып жығып, төртіншісіне ұмтыла бергенде, артынан шабуыл жасаған жауыз жігіт Арайды бастан балтамен шауып құлатады. Есіл ер қанға бөгіп қаза табады.

Көз алдында сүйген жігіті ерлікпен қаза тапқанын көрген Айша барған жерінде өлсе де Белгібайға жар болмайтынын айтып, олардың зұлымдықтарын, ұрлық-барымтамен де байып жүргендерін, кедейлерді, жалшыларды аяусыз қанап, киянат көрсетіп, зорлық-зомбылық жасайтындарын өлеңмен әшкерлеп, ел алдында масқаралайды:

Белгібай, сен бір бұзық, ісің бүлік,  
Басынып кедейлерге жүрсің күліп,  
Болады жаның райыс рақаттанып.  
Жемдесін жазықсызды жатса бүріп.

Халықты қан қақсатты ұрыларың,  
Нұсқалың кімге барып ұрынарын.  
Таяқ тіс, аран ауыз айдаһарсың,  
Сескенбей сіңіретін ұры малың.

...Топассың сөйлемейтін балағатсыз,  
Қазіргі Қарынбайсыз қанағатсыз.

Қаһарлы қара қабан қасиетсіз,  
Жүрмейтін жаманатсыз жаракатсыз.

Ашынған Айша атасы Қарабек байдың да айыбын бетіне басады. Белгібай өзіне айтылған айыптауларды естіп, аяусыз әшкерлеген соң, Айшаның көзін жойып, одан құтылудың камын ойлайды:

Белгібай бұрсануда қаны қайнап,  
Ок тиген қасқыр құсап көзі жайнап.  
Зұлымдық жоспар құрып отыр іштей,  
Айшаны құрытуға әдіс ойлап.

Сөйтіп түнде Белгібай Айшаны өлтіре сабап, қапқа салып, көмуге апара жатқанда жалшылар көріп қалып, шалажансар қызды өлтірткізбейді. Бірақ Арайсыз өмірден түңілген Айша өзін-өзі мерт етіп, аянышты өліммен қаза табады.

Поэма әйел теңсіздігі тақырыбына арналған. Қазақ ақындарының бұл тақырыпқа қалам тартпағаны аз-ақ шығар. Шынында, Қазан төңкерісіне дейін қазақ қыздарының малға сатылып, сүйгендеріне қосыла алмай зар жылап, өмірден өксіп өткендері тарихи шындық. Осы поэмадағы Айша секілді намысты, өр мінезді қыздар өз сүйгендеріне қосылу үшін, бас бостандықтары үшін күрескен. Олардың көбі мұрат-мақсаттарына жете алмай, арманда өлген. Айша да солардың бірі. Ақын Айшаның сұлулығын, ақыл-парасатын былай суреттейді:

Атанған он алтыда Айша ақын,  
Құйылтқан меруерттей сөздің парқын.  
Дәл айтқан қара қылды қас жарғандай,  
Халыққа сонысымен жаны жақын.

Күлкісі – гүл, көктемнің көрімдігі,  
Кеткендей көз тіккеннің көңіл кірі.  
Күн сұлудай көріктік сіңген оған,  
Айша бейне аққудың көгілдірі.

Осы жыр жолдарынан, жалпы жоғарыда мысалға келтірілген өлең шумақтарынан поэма тілінің көркемдігін, акынның эпитет, теңеу, метафора секілді көркемдік бояу кестелерін шеберлікпен қолданып жыр шырайын шығарып, тартымды еткенін көруге болады. Айшаның өзі де ән айт деп өтінген көпшілікке өзін жырмен таныстырады:

Ақ бұлбұл едім әуенім алыс тараған,  
Қызыл гүл едім қызыға халқым қараған.  
Мыңда бір алғыс жиылған жайсаң жастарға,  
Өзіммен егіз өлең мен әнді қалаған.

Осы шумақта Айшаның сыртқы сұлулығына ішкі жан дүниесінің сұлулығы сай екені, табиғат оны өлеңмен, әнмен егіз жаратқаны бейнелі де әсерлі жыр жолдарымен суреттелген. Екінші жолда Айша өзін қызыл гүлге балап, оның көркіне, сұлулығына жігіттер ғана емес ел сүйсініп, өнерін тамашалап жүретінін айтып, өзін биік ұстайды. Қазақта Айшадай көркімен айналаға көрік берген, ақындық-әншілік өнерімен ел-жұртын сүйсінткен, мінезі мәрт, өр қыздар аз болмаған. Солардың көбі өз теңдеріне қосыла алмай, қасірет шеккен. Атақты Ұлбике акынды есерсоқ, қызғаншақ күйеуі тойға барғаны үшін сабап ұрып өлтірген. Демек, Айшаның да өмірде болғаны, поэмадағы оқиғалардың шындық шеңберінде баяндалғаны анық.

Сейтен акынның бес поэмасының ішіндегі ең

көлемдісі – “Балуан” да көл аты. Поэманың “Кілт” атты прологында:

Мөп-мөлдір шар айнадай “Балуаным”,  
Өзінді алыс жүрсем сағынамын.  
Сұңқылдап айдыныңда аккуға ұқсап,  
Шырқадым тамылжытып ару әнін.

Сүйгізіп самалына құмар қанып,  
Қырында құлыншақтай ойнағанмын.  
Он көлдің ортасында күміс теңге,  
Сен менің шәрбатымсын, шекер балым.

...Жасындай жас сұлудың күміс көлім,  
Дос та едің, өзін маған туыс та едің.  
Мен енді оқушыға баяндайын,  
Атыңды “Балуан” қойды неге сенің?

Поэма “Кілтiнен” үзiп алынған осы үзiндi үш шумақтан “Балуан” көлiнiң тамаша сұлу суретi көрiнсе, екiншiден, бұл ақынның туып-өскен жерi екенi бiлiнедi. Көл келбетiн, оның сұлулығын ыстык сезiммен, үлкен жүрекпен, перзенттiк шексiз махаббатпен сүйсiне суреттейдi. Тiптi, “дос та едiң, туыс та едiң” деп оны жанды адамдай аялап бейнелейдi. Япырай, қалай тауып айтқан, шынында, туған жерiң туған бауырындай, жан досындай екенi рас-ау дейсiң. Одан әрi негiзгi оқиға басталады.

Болыпты баяғыда Малай балуан,  
Шенiне келе алмаған ешбiр адам.  
Батпанды баданадай көтерiптi,  
Қайратпен казак елiн қалдырған таң.

Алып күш иесi, қалың ел жиналған үлген астарда ел



намысын, ру намысын ту еткен балуан күрестерге жауырыны жерге тиіп көрмеген Малай кейін Балухан атанып кетеді, көл де соның атымен аталады. Сүттен ұйып отырған бұқара халықты айрандай ірітін, санын тыныштығын кетіретін; бір-бірінен барымта ашап, оның артын ұланасыр дауға ұластыратын, кісі өлімдеріне соқтыратын кашан да қанағатсыз бай мен бектер, сұлтан-төрелер, әділетсіз би-болыстар болған ғой. Солардың бәрінде де жазықсыз жапа шегетін де, барымта соғыстарда байдың малын, мың-мың, үйір-үйір жылқыларын алдырмаймын деп, сойылга жығылып мерт болып жататын да жылқышылар мен жалшылар. Сондай соғыс-соқтығыстың бірінде Малай батырдың соққысынан қарсы жақтың бірнеше адамы мерт болады. Дау шешілгенде жазықты бай малын беріп құн төлеп құтылады, ал Малай секілді сойыл соғар малсыз кедейлер жанын беріп өлім құшады. Малайды тірідей көрге көмуге үкім етеді. Бірақ терең көрді бұзып шығып кетсе, ажалының жоқтығы, қайта жазаланбасын деседі:

... Сазайын тартсын солай қаны бұзық,  
Жойылсын жер астында жанын үзіп.  
Күнәсі кешірілсін көп алдында,  
Егер де шығып кетсе көрді бұзып.

Малай алапат күшпен көрдің беттақтайларын күтірлете қиратып, топырағын қопара бұрқ еткізіп көрді бұзып шығады.

Ел өміріндегі түрлі-түрлі айтулы оқиғаларды, адамдардың қилы-қилы тағдырларын өлеңмен баяндап, жырлап беру – “ерінбеген етікші” дегендей, қай ақынның да қолынан келетін шаруа. Бірақ қысқа лирикалық өлеңдер сияқты поэма-дастандар да

көркем тілмен жазылып, оқиғалар мен кейіпкерлердің іс-әрекеттері, түр-түс, келбеттері кестелі де бейнелі сөздермен суреттелуі керек. Сонда ғана оқырман оны сүйсініп оқиды, сонда ғана одан жақсы әсер алады.

Сейтен акынның қай поэмасын оқып қарастырсақ та бейнелі сөздерді көп кездестіреміз, табиғатты тамаша суреттейді; кейіпкерлердің портреттерін, кескін-келбеттерін суретшілерден де артық етіп сөзбен келістіре бейнелеп береді. Малай балуанның тұлғасын былайша бейнелеп суреттеген:

Көргенді қияпаты қалдырған таң,  
Білеудей бұлшық етті, нән бура сан.  
Төс еті төңкерілген қос тегене,  
Иыққа орныққандай дәл төрт адам.

Шүйдесі шығыңқылау, бұғы мойын,  
Білегі бөренедей бейне шойын.  
Құрыштай ширатылған шомбал дене,  
Азырақ жасырады сұңғақ бойын.

Аққұба, қыр мұрынды. калың кабак,  
Тұрады жанарының оты лаулап.  
Секілді тау қыраны қияға ұшқан,  
Өмірге өткірлене тұрған карап.

Осы шумақтардағы буда-буда бейнелі сөздерге әбден тәнті боласыз: бура сан, бұғы мойын, бөренедей білек, шомбал дене және басқа суреттеулерге еріксіз сүйсінесіз. **“Төс еті төңкерілген қос тегене”** адамды көзге елестетсек ше? Әдетте тұлғалы, күшті адамдарды “екі иығына екі адам мінгескендей” деп дәріптейміз ғой. Ал Сейтен акын Балуанның иығына төрт адам жайғасып орныққандай деп әсірелеуді

асырып жібереді. Ақынның сөз қоры аса бай, әсіресе, бейнелі де кестелі сөздер қоржыны толық.

Бұлардан Сейтен ақынның халық ауыз әдебиетінен барынша сусындап өскені, ертедегі ақын-жыраулардың батырлар бейнесін жасаудағы шеберлік-тәжірибелерін жете меңгергені айқын көрінеді. Сол бұрынғы өткен жырау ақындар өз батырларын кереметтей суреттей отырып, жаудың батырын бейнелеген кезде оларды, тіпті, орасан зор, әрі күшті етіп кескіндейді емес пе. Сөйтіп қазақ батыры өзінен де зор жаудың батырын жеңіп шығады, осал жауды емес, мықты жауды женеді. Батыр сондай күшті жауды жеңумен батыр. Осал жауды жеңу батырлық емес.

Сол дәстүрді, яғни қарсыласты орасан етіп көрсету үрдісін Сейтен ақын Малай балуанның үлкен дүбірлі аста күресетін қарсыласы, ұлы жүздің алып Қожак балуанын суреттеуде қолданады:

Келіпті ошақтыдан балуан Қожак,

Кетердей тауды тербеп, құзды қозғап, – деген алғашқы суреттеудегі **кетердей тауды тербеп, құзды қозғап** деуі гипербола – асыра әсірелеудің ерен үлгісі деуге болады. Қожак балуанды тау көтерген Толағайдай күш несі етіп кейіптейді. Ақынның Қожак балуан тұлғасын бейнелеудегі келесі шумақтардағы әсірелеулер бірінен бірі асып түсіп, түйдек-түйдек тасталады.

Саусағы жай адамның білегіндей,

Сандары көпірдің сом тіреуіндей.

Бір өжет өлімнен де тайсалмаған,

Жүрегі жолбарыстың жүрегіндей.

Ақын Малай балуанның санын бураның санына теңесе, Қожак балуанның санын “көпірдің сом тіреуіндей” деп әсірелей теңеудің кереметін көрсетеді.

Саусақтарын жай адамның білегіндей деп әсірелеуінің де тендесі жоқ деуге болады. Міне, осы екі алып балуанның күресін, бірін-бірі жыға алмай текетірескен арпалысын, жолбарыстай жұлқысып, арыстандай алысқанын ақын оқырманын ынтықтыра отырып тамаша суреттейді.

Екі балуан ұзақ күреседі, алысқан жерлері, тіпті, қазылып қалып жатады; белбеулері үзіліп, шекпендері жыртылып, етек-жеңдері жабағыдай жалпылдап желге ұшады. Ақыры Малай балуан жеңіп, Қожакты жерге атып ұрып мертiктіреді. Жамбасы сынып орнынан ыңкылдап тұра алмай жатқан Қожактың қасына оны күреске қосқан өз елінің ұлықтары бармай қояды. Бұрын күрестерде жеңіп, руларына абырой, жүлде алып беріп жүрген кезде төбелеріне көтеріп, жеңіліп қалған кезде керексіз етеді.

“Қасына барған да жоқ ешбір ұлық” деген жалғыз жыр жолымен ақын байлар мен ұлықтардың пасық пиғылдарын, қатыгез, мейірімсіздіктерін әшкерелейді.

Поэманың “Райхан” атты тарауында Балуан Айбет байдың үшінші тоқалына еріп келген жетім де болса сұлу қыз Райханға ғашық болады.

Шынайы шырайлы еді атқан тандай,  
Бұраң бел, ақ күмістей ақша мандай.  
Тістері ақ маржандай тізіп қойған,  
Ардақты ару еді алтын айдай.

Сүйкімді, мінсіз мінез тәтті балдай,  
Ару-ды мөлдіреген құралайдай.  
Армандап албыраған нұрлы жүзге  
Жас түгіл қарт қарайтын көзін алмай, – деп суреттейді оны ақын. Райхан қыздың сұлулығын бейнелеуде де ақын көркем сөзден түйін түйіп шеберлік танытады. Райхан да Балуанды көңілі құлап

сүйеді. Бірақ Айбет бай Райханды төртінші тоқалдыққа өзі алмақшы болып, қызға маған ти, үлде мен бүлдеге ораймын деп сөз салады. Оған қыз карсылық білдіріп жауап береді:

...Берме енді ызыңдай,  
Жасым кенже қызыңдай.  
Саған арам қос анар,  
Кесілсе де тұлымым,  
Үзілсе де жұлыным.  
Тимеуіме антым бар,  
Адамшылық ұят-ар,  
Ізгілік, нысап ұялар  
Сиқың бар деп кім айтар.

Қыз карсылығына ыза болған Айбет бай оны өлімші етіп сабап салады; зорлап, қара күшпен өзіне әйел етеді. Соған қарамастан екі ғашық бір-бірінен күдер үзбейді, үміт жібі оларды тарта түседі. Айбет бір жолы жолаушылап кеткенде:

Кезікті айлы түнде екі ғашық,  
Білгенге ғашықтардың тілі машық.  
Елжіреп бірін-бірі үнсіз сүйді,  
Дем қосып, жүректерін кеудені ашып.

– Алаусың, – деді, – ару, күндей жарық,  
Секілді сенсіз өмір маған тамұқ.  
Жалынды жайнап өскен жаның түгіл,  
Болайын көлеңкеңнен мен құрмалдық –  
десіп серттеседі; ретін тауып екеуі қашып кетіп  
үйленбекші болады. Бірақ Айша мен Арай секілді  
бұлар да қашып кетуге үлгере алмайды. Ауылда  
айтылмай сөз, ашылмай сыр қала ма, екеуінің көңіл  
қосып жүргендері байға мәлім болады. Қатыгез,

тасжүрек, жауыз Айбет алдымен Райханға, одан соң ретін келтіріп Балуанға кымызға у қосын беріп өлтіреді. Айбет пен оның молдасы “бұлар күнәкәрлер, жерлеуге болмайды” деп көлге тастайды. Содан сол көл Балуан атанады.

...“Балуан” – деп ат қойып бабаларым,  
Ескерткіш еткен оған күміс көлді.

...Мөлдір көл, баркыт белім, алтын аймақ,  
Ну орман, жасыл желек гүлдер жайнап.  
Өмірден өксіп өткен өндірілердің,  
Сонау бір өміріне бәрі айғақ.  
Райхан мен Балуанның махаббатын,

Бағымда сандуғаштар отыр сайрап, – деген жыр жолдарымен поэма-трагедия аяқталады. Содан бері көл аты да, сол көлді айнала мекен еткен ел аты да Балуан атын иеленіп келеді екен. Ақын Сейтен Сауытбековтың өзі де сол елдегі “Балуан” орта мектебінде табан аудармай 42 жыл ұстаздық еткен, сол мектепті басқарған.

Сейтен Сауытбековтың бес поэмасының төртеуінің оқиғасы Қазан төңкерісіне дейінгі қоғамда, бай мен кедей боп жіктелген кездегі теңсіздік тепкісіне түскен адамдар тағдырына құрылған.

Байдың малын бағып, барлық шаруаларын істеп, отымен кіріп, күлімен шығып жүретін жалшылар мен малайлар қожайындары тарапынан киянатқа ұшырағанда оларды қорғайтын, арыз-шағымдарын қарайтын құрылым болмағаны белгілі. Байлық буына мастанған байлардың кедейлерге, әсіресе панасыз жетімдер мен жесірлерге жасайтын зұлымдықтарының шегі болмаған. “Қашқындар” поэмасында тағы сондай оқиғалардың бірі баяндалған.

Бір байда өмір сүрсе өмір Бағай,  
Әкесі сокқыда олды жалшы-малай.  
Шешесі суға кетті қотандында,  
Қорлықтың қысымына шыдай алмай.

Жас Бағай қатал байдың қойын бақты,  
Су тасып, күл шығарып, отын жақты.  
Бұлақтай боп көзінің жасы кетпей,  
Тынымсыз қан аралас ағып жатты.

...Күзеуде көзі шықты қозы өлгенде,  
Адам деп қойшыны бай көзге ілген бе?  
Құлағы дыр камшыдан қақ бөлінген,  
“Бір қойды қасқыр тартты” – дей бергенде.

Өзі жалшы-малай болса, әрі жетім болса оған кім араша түссін, бала Бағай осы жыр жолдарында айтылғандай, ит қорлық ғұмыр кешіп жатады. “Балуан” дастанында жетім күн қыз Райханды Айбет бай сокқыға жығып зорлап, күшпен төртінші әйел етіп, ақырында Балуанды сүйгені үшін өлтіріп тынатын еді ғой. Ал мына поэмада жетім ұл трагедиясы жыр етілген.

Бір нөсер жанбыр жауған күні қотаннан қой ығып кетіп, қараңғы түнде бір үйір қасқыр далада қойларды қырып кетеді. Өлген бір қозы үшін камшының астына алып, көзін шығарған бай, енді көп қойын қасқыр қырғанда өзін аямайтынын, кейін ғұмыр бойы қасқыр қырған қойлардың құны үшін оны құлдыққа салатынын ойлап, қатты қорыққан бала Бағай, беті ауған жаққа қашып кетеді. Елсіз далада адасып неше күндей аш жүрген Бағай бала, орманды жерге жетіп, әлсіреп бір қайың түбіне жатып ұйықтай бергенде, қасқырлар келіп қамап алады. Бағай жанталасып қайыңға өрмелеп шығып, кездігімен бұтақ кесіп алып,

оны пышағына сап етіп байлап найза секілді қару жасап алады. Сол найзасын сермелеп шаншып бірнеше қасқырды өлтіреді. Қалғандары қашып кетеді.

Келесі күні өлтірген қасқырлардың бірін жастанып, бірін төсеніп, бірін жәл жаққа пана етіп ұйықтап жатқан Бағайдың қасына бір атты адам келіп, тандана қарап тұрады. Оятып алып жөн сұрасады. Сөйтсе бұл да өзі сияқты байдан кегін алып (баласын өлтіріп), қашып келе жатқан Қара есімді жігіт екен. Екі қашқын, екі мұнлық бірге жол шегеді. Бірақ тағдыр қос жетімді аямайды. Бірі аштықтан әлсіреп, екіншісін жылан шағып, жапан далада қаза болады.

Екі жас құла дүзде қаза болған.

Кезігіп кетпеген бір ажал жолдан.

Адамдар арман таппай қаңғып өлсе,

Тек қана зындан заман жазалы оған, – деп, түйіндейді акын өз поэмасын. Бұл әрі философиялық зор мағыналы түйін. Адамдардың бақытты да бакуатты өмір сүруі, аңсаған арман-мұраттарына жетуі сол замандағы қоғам құрлысына байланысты. Егер адамдар әділдік таппай, жетімдері мен жесірлері, кедей-кепшіктері озбырлықтың құрбаны болып, қоршылықтан, жан төзгісіз зорлық-зомбылықтан қаза тауып жатса, ондай заманның зындан заман болғаны.

Міне, философ ұстаз акын осыны айтады. Жоғарыдағы жыр жолдарын оқып отырып, мазасыз ойларға шомасың. Бай мен кедейге бөлінген заман араға жетпіс жыл салып, қайтып оралды. Бірақ, адам құқықтары қорғалатын құрылымдары бар екені көңілге медет. Әйтсе де қоғамда жетімдер мен жесірлер көбеймесе, азаятын емес. Бәрінен де көңілге қаяу түсіретіні – жетім балалардың сатылып, көк мұқиттың арғы жағына – Америка сияқты шет елдерге



асып кетіп жатқаны. Ойлы өлең адамға ой салады дейтініміз сондықтан.

Автор өзінің “Қашқындар” поэмасында екі жетім, екі мұңлықты айдалада аштықтан бұралтып, әрі жыланға шаққызып өлтірмей, басқаша шешім неге таппады екен? Құтқарса болмас па еді? – деген де ой келеді.

Бірақ, олар байдан қашып құтылғанмен заманнан, өздері өмір сүріп жатқан қоғамнан қалай, қайда қашып құтылады? Қайда барса да – сол заман, сол қоғам алдарынан шығады емес пе. Бір байдың құлдық-құрығынан құтылса, екінші бір байдың тепкісіне түседі. Поэма авторы екі жетімді өлімге кимай біз сияқты біраз ойланып-толғанған болар. Бірақ құтқарудың жолын таппайды. Жоқ жолды қайдан тапсын. Соған оқырманның да көзі жетеді.

Сейтен Сауытбековтың “Қашқындар” поэмасы сол заманның жасырып болмас запыран ащы шындығын ашына жазған шынайы шығарма. Сол зындан заман келмеске мәңгі кетсе игі. Бүгінгі байлар кедейлерді зар жылатып қанап, бастарына әңгіртаяқ ойнатпаса игі дейсің. Осы тұрғыдан алғанда, “Қашқындар” поэмасы өміршең туынды деп айтсақ керек.

Сейтен Сауытбековтың келесі поэмасы “Достық жыры”, тақырыбы аңғартып тұрғанындай, орыс пен қазақтың достығына, яғни интернационализм тақырыбына арналған. Қазақ акындарының бұл тақырыпты айналып өткені жоқ деуге болады. Ол заңды да, өйткені акын өз дәуір, өз заманының азаматы, өз қоғамының жыршысы. Демек, оларды саясаттың жетегінде кетті деп кінәлауға болмайды.

“Достық жыры” поэмасында оқиға алдымен Қазан

төңкерісіне дейінгі казак ауылында отеді. Бердікұл есімді темірден түйін, ағаштан өрім өрген, кірпіш күйдіріп одан сәнді үй де тұрғызған, өрнекті зәулім мазарлар, кесенелер салған шебер болған. Қабанбай бай елде жоқ ерекше сәулетті мазар салдырмақ болып, Бердікұлды алдырады.

“Өнерінді сал сыртқы сәулетіне,  
Өрнектеп әбзелдерін әрлі етуге.  
Жоқ десін мұндай мұра, көрген адам,  
Қазақтың қыдыр қонған әулетінде”.

Осы жыр жолдарынан Қабанбай байдың мақтан сүйгіштігі, даңқ құмарлығы, даңғойлығы көрінеді. Сол өңірде ол байлық асырып болған, енді сәулетті мазар салдырып мақтанбақ. Егер өнер мұрасын мұрат тұтса құба-құп қой, бірақ ол мазарды мақтан үшін, атақ асырмақ үшін салдырады. Бердікұл шебер бар өнерін аямай жұмсап салсын деп, көп төлейтін ақы-пұлдың сыртында “Балам болам десең де пейілім ақ” деп сұлу қызын меңзеп, алдаркатады; іштей сұркия қулық жақсайды. Қызын бермек түгіл, кейін тағы бір бақталас байға бұдан да сәулетті мазар салуы мүмкін деп қызғанып, артынан шеберді өлтіріп тастамақ болады. Осындай қулығына құрық бойламайтын, арамдығын ат түгіл атан тарта алмайтын ойы бұзық, ниеті кара сұркия адамдар қай заманда да қоғамды алға оздырмай, кері тартқан; әділдікті аяққа басып, адал адамдарды, қарапайым халықты қан қақсатқан ғой.

Мазарды салу барысында Бердікұл мен байдың сұлу қызы Сақып бірін-бірі сүйіп, көңіл қосады.

...Тоғысқан бар сұлулық бір өзіне,  
Табиғат нұрын сыйлап күн мен айдың.

Қойғандай ақ дидарын нұрға малып,  
Көзінің кара ақықтай оты жанып.  
Алмадай албырайды лағыл ерін,  
Тілінен сөйлегенде балы тамып.

Жүрекке ғашық жарлар жалын жиған,  
Жан нәрін тіл ұшымен қанға құйған.  
Күлімдеп көк аруы куә болып,

Некені күбір қағып самал қиған – деп,  
суреттейді ақын қыздың сұлулығы мен екі ғашықтың  
қауышып, шиі ерін, сүйір тілден бал алып, бал беріскен  
ләззатты шақтарын. Ару қыз бен өнерлі жігіттің  
жүректері бір соғып, жандары ғана емес тәндері де  
қосылып жұптасқанын, некелерін самал жел сыбырлап  
қиды деп астарлап сездіреді оқырманға. Сақыптың  
сұлулығы суреттелетін жыр жолдарын қайта-қайта  
қайрылып оқи бергің келеді. Қыздың нұрға малынған  
ақ дидары, жанары жалын шашқан кара ақықтай кара  
көздері, алмадай албыраған лағыл еріндері, сүймек  
тұрсын жай сөйлегенде бал тамып тұрған тәтті тілі,  
қысқасы, бір өзіне бар сұлулық тоғысқан аруды көз  
алдына еріксіз елестетесің. Өмірдің көркі де, сәні де  
сұлу қыздар екеніне ақын оқырман көзін солай жеткізе  
түседі.

Қос дене бір денеге айналып, қос аққудай бір-бірін  
аялай сүйіп, құшақтарын жаза алмай тұрған қос  
ғашықтың бақытқа бөленіп тұрған сәулелі сәттерін  
суреттей отырып, ақын махаббат атты ұлы сезімнің  
күдіретін жырлайды. Оқып отырған жас болса, сондай  
сұлу сүйетін асқақ махаббатты армандайды; жасамыс  
болса, өзінің де артта қалған қайран жастық шағында  
қыз құшып, сұлу сүйген бақытты күндерін қайта көз  
алдынан өткізіп, “Ой, жастық – ай!” деп бір тебіренері  
сөзсіз. Оқырманын сан сезімге бөлеп, ойландырса,

толғандырса, онда акын максатының орындалғаны деп білсек керек.

Бірақ қос ғашық – Бердікұл мен Сақыптың қосылуы оңай болмайды. Жауыз, зұлым бай мазар салынып біткен соң бастағы ойын жүзеге асырып, шеберді өлтірмек боп жүргенін сезіп қалған Сақып, соны Бердікұлға айтып, екеуі ауылдан қашып шығады. Әйтсе де құтыла алмай ұсталады. Бердікұлды өлімші етіп сабайды, ажалдан оны халық арашалап қалады. Сақыпты болыс Мәукен төртінші тоқалдыққа зорлықпен алады. Бірақ Сақып жынданған болып “ауырып”, оған әйел болмақ түгіл ауылын әлекке салады. Ақыры ақымақ болыс Сақыпты үйіне апарып салуға мәжбүр болады.

Бердікұл мен Сақып екінші рет қашып, бұл жолы аман-есен Аралға асып кетеді. Сондағы орыс балықшыларының арасына барып паналайды. Сонда Иван Яков есімді орыстың азат ойлы жұмысшысымен дос болып, туыс-туғандай болып кетеді. Екі үйдің балалары Сабыр мен Семен де кішкентайларынан бір үйдің балаларындай бауырласып өседі. Поэмада сол достықтың үшінші ұрпақта да жалғасын тапқаны айтылады. Сабыр мен Семеннің де балалары әкелеріндей достыққа адал болады.

...Достықтың бір мысалын жырға қостым,

Ақ шашты басымды иіп алдарына, – деген жыр жолдарымен поэма аяқталады.

Бес поэманың ішіндегі оқиғасы Кеңес заманында орын алатыны – “Ана тағдыры” поэмасы. Бірақ мұнда да қуаныштан қайғы басым.

...Атанды отызында жесір Жәпен,

Сүйікті ері өліп дейтін “Жәкем”.

Қырылды қорасаннан бес сәбиі,

Дегендей “катал тағдыр неткен жат ең!”

Бес бірдей солды гүлі – бақыттары,  
Жойылды жаркыраған жақұттары.  
Есінен адаскандай етті ананы,  
Қозыдай көгендегі жатты бәрі.

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары қазақ даласында қорасан, оба аурулары зор нәубет болып, халықты қынадай қырған. Жәпен ана ерінен, бес баласынан бірдей айрылып аңырап қала береді. Күйеуінен жүкті қалғаны көңіліне медеу болады. Айыкүні толғанында ұл туып атын Қанат қояды. Сол Қанаты жақсы жігіт боп өсіп, он жылдық білім алып, үйленіп, Жәпен ана келін түсіріп, кемтігі тола бергенде Отан соғысы басталады. Қанат та соғысқа, отан қорғауға аттанады.

...Қос қыршын отыз күндей отасқанда,  
Фашизм жер мен көкті отқа орады.

Осы поэмадағы ана тағдырын қазақ тағдыры десе болғандай. Жәпен ана бір қаза – бір қайғыдан арыла бергенде, екіншісі есенгіретеді; одан есін жия бергенде, үшінші қаза-қайғы басады. Қазақ халқы да сондай, тағдырдан көрмеген сокқысы, шекпеген зар-қайғысы жоқ қой: ақ пен қызылдың айқасы, аштық қырғыны, репрессия зобалаңы, соғыс... Иә, сол соғыстан Жәпен ананың жалғызы Қанат оралмайды, шаһид болады. Әйтеуір, отыз күн отасқан келіні құрсак көтерген екен, уақыты болғанда босанып ұл туады. Ұрпақ жалғасын деп атын Жалғас қояды ырым етіп. Бірақ сорлы анаға қатал тағдыр мейрімсіздік танытады, бір жасқа толғанда бейкүнә сәбиді ажал алып тынады. Алаңдайтын ешкімі қалмаған келіні Жұлдыз да енесінен рұқсат сұрап өз жөніне кетеді. Ауыр қаза, ауыр қайғы-қасіреттен көз

жасы қан боп ағып Жәпен ана соқыр боп қалады.  
Байғұс анаға енді өлгеннен басқа не қалды деп,  
поэманың соңғы парақтарын оқи бастайсың.

Келіні кетіп, жалғыз қалып, қалт-құлт етіп тәлтіректеп  
жүрген Жәпен анаға ері соғыста каза тауып үш ұлымен  
жесір қалған туыстығы бар Майнұр қол ұшын созады.

Мен келдім жанашырлық құлықпенен,  
Айнымас бір беттілік ырықпенен.

Үш ұлдың бірін ал да бауырына бас,

Туыстан бала алатын ғұрыппенен, – деп, ұлы  
Қайыркенді ана бауырына салады. Шерлі ананың  
сөнген шырағы қайта жанады, мәнсіз өмірі қайта  
мағынаға ие болады. Бойына қайта аналық күш бітіп,  
Қайыркені үшін өмір сүріп, оны өсіріп ер жеткізеді.

Құшқандай болды ана періштені,  
Бұл істен ортайғандай шер іштегі.  
Майнұрдың жомарттығы ерлік те ғой,  
Беруге бауыр етін келіскені.

Қалтылдап құлар шақта бір шаңырақ,  
Иесіз қалған кезде бос қаңырап.  
Жәпеннің Майнұр жасын сүрткен шақта,  
Жаудырды ақ батасын жұрт жамырап.

Осы тұста “Қазақтың келіндері-ай!” әні еріксіз еске  
түседі. Халқының даналығын, асыл қасиеттерін  
бойларына сіңіріп, бағалы салт-дәстүрлерді сақтай  
білген келіндермен ұлт көгеріп, көктей бермек қой.  
Майнұр келіннің сөнгелі тұрған шаңырақ отын қайта  
жаққаны, адамгершілік қасиеті, мейірбандық мінезі,  
бауырмалдығы оқырманның да жүрегіне нұр құяды.  
Поэманың құндылығы да, мән-мағынасы да осында,

Яғни халқымыздың бойындағы, салт-дәстүрдегі  
Тамаша ғұрыпты жарқыратып ашып бергенінде, үлгі  
еткенінде.

Айналдым бөбектерді туғаныңнан!  
Белінді жомарттыққа буғаныңнан.  
Қақсалға жалғыз қалған бала беріп,  
Дәстүрін бабалардың қуғаныңнан! – деп,  
Жәпен ана Майнұр келініне ақ алғысын жаудырады.  
Қайыркені ержетіп азамат болып үйленіп, Жәпенге  
келін келтіреді. Сол қызық, сол қуанышты көріп,  
Жәпен ана өмірден озады.

Есімін сақтағандар ердің бүгін,  
Әженің көтергендер ауыр жүгін.  
Ананың – Анаға еткен сыйы бұлар,  
Жаңғыртқан жомарттықпен солған гүлін.

Бұл поэманың соңғы сөз – эпилогының соңғы  
сұмағы. Ананың Анаға еткен сыйы бала ғана емес,  
эрине. Ана Анаға өмір сыйлаған. Ұстаз ақын “Ана  
тағдыры” поэмасын жазу үстінде де ұстаздық таңытқан.  
Поэманың тәрбиелік маңызы зор. Ұлтымыздың биік  
адамгершілікке негізделген жоғарыдағыдай және басқа  
ұрпаққа үлгі-өнеге, сабак боларлық жақсы салт-  
дәстүрлерін сақтап, алғы замандарға халықпен бірге  
жасатып апара беруді ақын өсиет еткен.

## *Қорытынды*

Міне, мәреге де жеттік. Ұстаз-ақын Сейтен Сауытбековтың жалғыз жол, егіз жолдардан тұратын қанатты сөздері – ақыл-нақылдарынан бастап, бүкіл поэзиялық шығармаларын мұқият байыптап оқып, талдап, тақырыптар бойынша саралап, зерделеп шықтық. Ақын өлеңдерін зейін салып оқыған адам оның ішкі жан дүниесіне еніп, аралап жүргендей әсер алады; жүрегiнiң соғысына дейiн естiгендей болады; сырларына қанығады.

Өлең ақын көңiлiнiң қайнарынан қайнап шығып, жүрек сырын шертедi. Тiл өтiрiк айтса да, жыр өтiрiк айтпайды. Ақынның бар болмысы оның өлең-жырларынан көрiнiс табады. Әсiресе, лирикалық өлеңдер ақынның жан сарайын ашып тастап, бар сырын жайып салады. Лирикалық өлеңдердiң басты кейiпкерi – ақынның өзi. Сол себептен ақынның әр өлеңiнен оның өзi мен көзi көрiнiп тұрады. Сосын ақынның оқырманынан жасырып қалатын сыры болмайды.

Бiз Сейтен ақынның өлеңдерiн жай оқып қана қоймай, әр жыр жолының астарына үнiлiп, сыр тындап, ой iздеп, көркемдiк iздеп оқыдық. Ақынның ақындығын, яғни оның қандай ақын екенiн бiр шумак жырынан-ақ бiлуге болады деген сөз бар. Ал бiз оның жүздеген шумак, мындаған жыр жолдарын оқыдық. Соның нәтижесiнде ақын сырларына қанығып, тереңiрек таныдық. Осы шағын еңбегiмiз арқылы ақынды өзгелерге де жан-жақты танытуға, өлеңдерiнiң қырлары мен сырларын ашуға күш салдық.

Алдымен, Сейтен Сауытбеков қандай ақын деген сұраққа – жақсы ақын деп нық сенiммен жауап бере



аламыз. Жоғарыдағы тарауларда сол тұжырымымызды жан-жақты дәлелдедік. Ақынға **жақсы ақын** деген ең жақсы баға, ең жақсы атак. Жақсы атанған ақында арман жоқ.

Сейтен Сауытбековтың жазушылығы және педагогикалық еңбектері өз алдына бір төбе. Ол – сан қырлы талант иесі. Өзге өнерлерін былай қойғанда, тек ақындығының бірнеше анықтамасы бар.

Біріншіден, – лирик ақын;

Екіншіден, – көлемді поэма-дастандар жазған кең тынысты эпик ақын;

Үшіншіден, – терең ойлы философ ақын;

Төртіншіден – отаншыл патриот ақын;

Бесіншіден, – ұстаз ағартушы ақын.

Осы жерде мені талғампаз оқырман тоқтатып:

– Жарайды, бәрі дұрыс, ақындық қыры әралуан екенін айттыңыз. Ал өлең-жырларының сапалық көрсеткіші қалай? – деген сұрақ қоюы мүмкін. Бұл сұраққа ақынның өлеңдерін талдау барысында, әсіресе, “Жақсы жыр жан жадыратады” тарауында толығырақ жауап бердік, кейінгі тарауларда да тоқталып отырдық.

**Өлеңнің басты сапалық көрсеткіші – көркемдігінде.** Өлеңнің тұла бойында терең де қалың ойлар тұнып тұрғанмен, көркемдігі болмаса, онда оның нашар өлең болғаны. Сейтен ақын өлеңдерінің көркемдігі жоғары, көңіл толарлық деңгейде деп айта аламыз. Әрине, өлеңдерінде кемшілік жоқ ақын болмайды. Классик ақындардың да өлеңдерінен кемшіліктер табылады. С.Сауытбеков өлеңдерінде толымсыз ұйқастар кездесіп қалып отырады.

Поэмаларында кешегі кеңестік кезеңдегі саясат салқынының салдарынан байлардың бейнелеріне қара

бояу қалыңырақ жағылып кеткен. Мұхтар Әуезов те сол саясат әсерімен Құнанбайды жағымсыз кейіпкер етіп суреттеген ғой. Дей тұрғанмен ондай кемшіліктер Сейтен ақынның жалпы поэзиясына көлеңке түсіре алмайды.

Ұстаз – ақын С. Сауытбеков өлеңдерінің сапалық көрсеткіші – көркемдігінің жоғары екеніне “Достық жыры” поэмасының алғы сөз шумақтарын мысал-дәлелге келтіріп қорытындымызды қорытындыласак болар:

Қыз Көкше, қызық Көкше, ізгі Көкше,  
Жазира жер жаннаты біздің Көкше.  
Шеберлер сәндеп өрген қабырғадай,  
Жаулайды мәрмәр қия көзді ерекше.

Тұрады кім көрсе де тамашалап,  
Еш нәрсе жаралмаған орашолақ.  
Шипалы суы шәрбәт, ауасы әтір,  
Қалады дерттен жанды арашалап.

Бал сазды балбыраған бұла майда,  
Киелі қасиет бар Бурабайда.  
Ажалға арашашы киесімен,  
Сергектік сезім берер тұла бойға.

Тамсанып құмартамын бейнесіне,  
Шығуға құмартамын кеудесіне.  
Қуанып қайта-қайта қарай берем,  
Жайнаған жасыл торғын пердесіне.

Осы төрт шумақ жырдың тұла бойынан мін таба алмайсыз, төрт аяғын тең басқан су жорғадай тайпалып тұр. Кім-кім де өз жүрегінен шыққандай

кабылдары анық. Және ән шығаруға сұранып тұрған өлең мәтіні дер едік. Төрт шумақтың төртеуінен де көркемдік кестелері молынан табылады. Эпитетің де, тенеуің де, метафораң да, әсерлі әдемі де әсем сөздер, бейнелі сөздер тұнып-ақ тұр емес пе! Ұйкастары да қиыннан қиыстырылған, “балталаса бұзылмайтын, көкейіңнен сызылмайтын” дерліктей, төрт буыны төгіліп ұйқасқан.

Міне, бұлар Сейтен Сауытбековтың жақсы ақын екенінің, бейнелі сөздің шебері, көркем ойлы парасатты ақын екенінің айқын айғағы!

## *Мазмұны*

ӨМІРІН ӨЛЕҢІ ҰЗАРТҚАН .....	3
ЛИРИКАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІ	
1. Ойлы өлең ой өсіреді .....	6
2. Жаксы жыр жан жадыратады .....	15
ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ .....	30
1. Дидактикалық накылдары .....	31
2. Философиялық накылдары .....	36
БАТА-ТІЛЕК ЖӘНЕ АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІ .....	46
БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІ .....	57
ПОЭМАЛАРЫ .....	67
ҚОРЫТЫНДЫ .....	90

**Жұма-Назар Сомжүрек**

## **Парасатты ақын**

Редакторы: *Серік Жетпісқалиев*

Тех. редакторы: *Гүлнұр Сауытбекова*

Компьютерлік терілім: *Гүлмира Закирьянова*

Дизайнері әрі бет каттаушы: *Асхат Шәріпбаев*

Басуға 10.04.2006 жылы қол қойылды. Қалыбы 30x42.  $\frac{1}{16}$ .  
Шартты баспа табағы 4.625. 96 бет. Қаріп түрі “Times New  
Roman”. RISO басылысы. Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 237.  
Бағасы келісімді.

Кітап Көкшетау университетінің баспа орталығында басылды.  
020000. Көкшетау қаласы, Есенберлин көшесі, 38 үй.  
тел/факс: 8(316 2) 75-01-31, 25-32-40, 40-19-83

ОУНБ Петропавловск



0049 7046